

Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 98-баптан қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға қолайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бүкіл мәтін бойынша "және терроризмді қаржыландыруға", "және терроризмді қаржыландыру" деген сөздер тиісінше ", терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға", ", терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру" деген сөздермен ауыстыру көзделген – ҚР 19.09.2025 № 219-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) адвокаттық қызмет – адвокаттар жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруға жәрдемдесу мақсатында, осы Заңда белгіленген тәртіппен, кәсіптік негізде көрсететін заң көмегі;
- 2) заң консультанттарының қызметі – заң консультанттарының жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында заң көмегін көрсету жөніндегі кәсіптік қызметі;
- 3) заң көмегі – Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында бекітілген әркімнің білікті заң көмегін алу құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге, оның ішінде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы заң білімі мен дағдыларын пайдалана отырып қамтамасыз етуге бағытталған қызмет;
- 4) заң көмегіне қатысушылар – заң көмегін көрсететін тұлғалар, клиенттер, заң көмегін көрсетуге тартылған өзге де тұлғалар;
- 5) заң көмегін көрсету саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – заң көмегінің ұйымдастырылуын, сондай-ақ оның сапасын бақылауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган;

6) клиент – заң көмегін алу үшін өтініш жасаған жеке немесе заңды тұлға (өкіл);

7) құқықтық ақпарат беру – белгіленбеген тұлғалар тобына Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселелері бойынша ауызша, жазбаша нысандарда, электрондық құжат нысанында не көріп танысу түрінде ақпарат беру арқылы көрсетілетін заң көмегінің түрі;

8) құқықтық консультация беру – жеке және заңды тұлғаларға ауызша және жазбаша консультациялар нысанында көрсетілетін, оның ішінде арыздарды, шағымдарды, өтінішхаттарды және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасау мәселесіне қатысты заң көмегінің түрі;

9) мүдделер қақтығысы – заң көмегін көрсететін тұлғаның жеке мүдделері мен клиенттің мүдделері арасындағы заң көмегін көрсетпеуге немесе сапалы көрсетпеуге алып келуі мүмкін қайшылық.

2-бап. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заң мен Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметті және заң көмегін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Заң көмегі осы Заңның нормаларына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып көрсетіледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4. Жекелеген тұлғалардың заң көмегін көрсету шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Заң көмегін көрсету қағидаттары

Заң көмегін көрсету мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заң үстемдігі;
- 2) заң көмегін көрсететін тұлғалардың тәуелсіздігі;
- 3) клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау;
- 4) клиенттің мүддесінде заң көмегін ұсыну;
- 5) кәсіптік құпияны сақтау;
- 6) кәсіптік және әдептік мінез-құлық нормаларын сақтау;
- 7) заң көмегін көрсету шектері мен шараларын айқындау еркіндігі;
- 8) заң көмегін көрсету стандарттарын сақтау;
- 9) сотқа, сот ісін жүргізу қағидаларына және кәсіп бойынша әріптестерге құрмет;

10) заң көмегінің қолжетімділігі.

4-бап. Заң көмегін көрсету қағидаттарының мәні

1. Заң көмегін көрсетудің мазмұнын айқындайтын және заң көмегіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін іске асырудың жалпы шарттарын қамтамасыз ететін оның іргелі бастаулары заң көмегін көрсету қағидаттары болып табылады.

2. Заң көмегін көрсету қағидаттары өзара байланысты болады және өздерінің жүйесін құрайды. Қағидаттардың әрқайсысын іске асыру заң көмегін көрсетудің өзге қағидаттарымен өзара іс-қимыл жасаса отырып жүзеге асырылады.

3. Заң көмегін көрсету қағидаттарын сақтамау осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

5-бап. Заң үстемдігі

Заң көмегі баршаның заң алдындағы теңдігі, Қазақстан Республикасы Конституциясының, сондай-ақ осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау міндеті бастауларында ұсынылады.

6-бап. Заң көмегін көрсететін тұлғалардың тәуелсіздігі

Заң көмегін көрсететін тұлғалар өздерінің құқықтарын жүзеге асыру және кәсіптік міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады.

Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың қызметіне прокуратура, соттар, басқа да мемлекеттік органдар, өзге де ұйымдар мен тұлғалар тарапынан араласуға жол берілмейді.

7-бап. Клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау

Заң көмегі жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруда жәрдемдесу мақсатында көрсетіледі.

Заң көмегін көрсету кезінде клиенттің ар-намысын қорлайтын немесе қадір-қасиетін кемітетін, оның жеке өмірінің қолсұғылмаушылығына қол сұғатын, оның жеке және отбасылық құпиясын, жеке салымдар мен жинақ ақшалардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесулердің, пошталық, телеграфтық және өзге де хабарлардың құпиясын бұзатын әрекеттерге тыйым салынады.

8-бап. Клиенттің мүддесінде заң көмегін ұсыну

Заң көмегін көрсететін тұлға клиенттің мүдделеріне зиян келтіруді болғызбау үшін қажетті шараларды қабылдай отырып, өзінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындауға міндетті.

Заң көмегін көрсету кезінде заң көмегін көрсететін тұлға клиентке, қаржылық шығындардың сипаты мен мөлшерін қоса алғанда, заң көмегінің ықтимал нәтижелері мен салдарларын түсіндіруге міндетті.

Заң көмегін көрсету шараларын таңдау клиенттің мүдделерін негізге алуға тиіс.

Заң көмегін көрсететін тұлға кәсіптік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысын болғызбау жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

9-бап. Кәсіптік құпияны сақтау

Клиенттің келісуінсіз кәсіптік құпияны ашуға болмайды.

Заң көмегін көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кәсіптік құпияны сақтау жөніндегі шаралар қабылданады. Кәсіптік құпияны сақтау міндеті уақытпен шектелмейді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтер мен ақпаратты ұсыну кәсіптік құпияны жария ету болып табылмайды.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Кәсіптік және әдептік мінез-құлық нормаларын сақтау

Заң көмегі жоғары кәсіптік және әдептік нормалар сақтала отырып көрсетіледі. Осы нормаларды қалыптастыруды заң көмегін көрсететін тұлғалар жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық, адамгершілік нормалары және заң көмегін көрсету стандарттары негізінде жүзеге асырады.

11-бап. Заң көмегін көрсету шектері мен шараларын айқындау еркіндігі

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, заң көмегін көрсетудің шектері мен шаралары заң көмегін көрсететін тұлғаның қалауы бойынша айқындалады және шектеледі.

12-бап. Заң көмегін көрсету стандарттарын сақтау

Заң көмегін көрсету стандарттары Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде заң көмегін көрсету сапасының үздік практикаларын ендіру арқылы қамтамасыз етіледі

Заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оны жүзеге асыруға тиісті кәсіптік даярлығы бар және өз біліктілігін кезең-кезеңімен арттырып отыратын адамдар жіберіледі.

13-бап. Сотқа, сот ісін жүргізу қағидаларына және кәсіп бойынша әріптестерге құрмет

Заң көмегін көрсететін тұлғалар өздерінің кәсіп бойынша әріптестеріне құрмет, әділдік және ынтымақтастық рухында қарым-қатынас жасауға тиіс.

Заң көмегін көрсету сотқа және сот ісін жүргізу қағидаларына деген құрметке негізделуге тиіс.

14-бап. Заң көмегінің қолжетімділігі

Әркімнің заң көмегін алуға құқығы бар.

Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда, заң көмегі тегін көрсетіледі.

15-бап. Заң көмегінің түрлері

Заң көмегі:

- 1) құқықтық ақпарат беру;
- 2) құқықтық консультация беру;

3) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда қорғау және білдіру;

4) клиентпен қолданыстағы немесе ықтимал құқықтық қатынастардың қатысушылары болып табылатын кез келген тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауда клиенттің заңды мүдделерін қорғау үшін өзге құқықтық әрекеттер жасау түрінде көрсетіледі.

Құқықтық ақпарат беру, құқықтық консультация беру, адвокаттардың жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауы және білдіруі "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету саласындағы ең төмен әлеуметтік стандарттар болып табылады.

16-бап. Заң көмегінің нысандары

Мыналар заң көмегінің нысандары болып табылады:

- 1) өтеулі негізде көрсетілетін заң көмегі;
- 2) мемлекет кепілдік берген заң көмегі;
- 3) кешенді әлеуметтік заң көмегі.

17-бап. Өтеулі негізде заң көмегін көрсету

Егер осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, заң көмегін көрсету туралы жазбаша шарт негізінде жеке және заңды тұлғаларға ақылы түрде көрсетілетін заң көмегі өтеулі негіздегі заң көмегі деп танылады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегі

Заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негізде және тәртіппен, тегін негізде көрсетілетін заң көмегі мемлекет кепілдік беретін заң көмегі деп танылады.

19-бап. Кешенді әлеуметтік заң көмегі

1. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген тұлғаларға, клиентті заң көмегін сұрап өтініш жасаған кезінен бастап Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен іс бойынша қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға (құқықтық жағдай шешілгенге) дейін құқықтық қолдап отыруды білдіретін өтеусіз заң көмегін шартқа сәйкес көрсету кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін заң консультанттарының палаталары, Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді. Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібі туралы мәліметтер уәкілетті органға жіберіледі.

Кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету әлеуметтік жауапкершілікті іске асыру нысандарының бірі болып табылады және ерікті түрде жүзеге асырылады.

2. Кешенді әлеуметтік заң көмегі мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж адамдарға;

2) атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға;

3-1) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

4) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға;

5) жасына байланысты зейнеткерлерге;

6) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында тұратын қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға;

7) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) мүгедектігі бар балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған не қамқорлығында кәмелетке толған мүгедектігі бар адамдары бар адамдарға көрсетілуі мүмкін.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде кәсіпкерлік қызметке байланысты даулар бойынша көрсетілмейді.

3. Мемлекет кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды ынталандырады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.05.2020 № 323-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Заң көмегін көрсететін тұлғалар

Заң көмегін өз құзыреті шегінде мыналар:

1) мемлекеттік органдар;

2) адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары, заң консультанттары;

3) заң көмегін көрсетіп жүрген және заң көмегін көрсететін тұлғалардың міндетті мүшелікке негізделген коммерциялық емес ұйымдарында және заң консультанттарының палаталарында тұрмайтын жеке тұлғалар көрсетеді.

21-бап. Заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясат

1. Заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясат жеке және заңды тұлғалардың заң көмегін алу құқықтарының кепілдіктерін іске асыру мақсатында жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, техникалық, ақпараттық, аккредиттеу, лицензиялау-бақылау шаралары мен өзге де шаралардың жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

2. Заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

3. Заңда Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік адвокатура қызметінің негіздері, тәртібі мен шарттары белгіленуі мүмкін.

22-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.

23-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғалардың қызметін үйлестіреді;

3) заң көмегін көрсету мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

4) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасына, заң көмегін көрсету көлемінің толықтығы мен сапасына мониторинг жүргізеді;

5) заң көмегін көрсету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6) заң көмегін көрсету стандарттарын келіседі;

7) заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын келіседі;

8) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын әзірлейді және бекітеді;

9) мемлекет кепілдік берген заң көмегінің барлық түрі бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылады;

10) мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз етеді;

10-1) адвокат, заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерлерін белгілейді;

11) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетудің жүйесі және негізгі қорытындылары туралы ақпараттың жылына кемінде бір рет Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялануын және өзінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді;

12) адвокат, заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

13) адвокат, заң консультанты көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын бекітеді;

14) мемлекет кепілдік берген көрсетілетін заң көмегінің сапасын бақылауды жүзеге асырады;

15) заң консультанттары палаталарының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

16) халыққа заң көмегін көрсететін тұлғалар, заң көмегін көрсету тетіктері, негіздері мен шарттары туралы құқықтық ақпарат беруді қамтамасыз етеді;

17) заң консультанттары палатасының үлгілік жарғысын әзірлейді және бекітеді;

18) заң консультанттары палаталарының тізілімін жүргізеді;

19) Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттардың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;

20) Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын әзірлейді және бекітеді;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі

Адвокаттық қызметті және заң консультанттарының қызметін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі болып табылады.

Заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі жұмыс істеген кезде құпиялылықты сақтау қамтамасыз етіледі.

Заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінің ақпараттандыру объектілері "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Республикалық адвокаттар алқасына және Республикалық заң консультанттары алқасына сенімгерлік басқаруға беріледі.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІ

2-тарау. МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛДІК БЕРГЕН ЗАҢ КӨМЕГІНІҢ ЖҮЙЕСІ

25-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғалар және оны көрсету тәртібі

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін:

1) мемлекеттік органдар "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен, өз құзыреті шегінде құқықтық ақпарат беру түрінде өтеусіз;

2) адвокаттар осы Заңда белгіленген тәртіппен;

2-1) заң консультанттары осы Заңда белгіленген тәртіппен;

3) нотариустар "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіппен өтеусіз;

4) жеке сот орындаушылары "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жағдайларда және тәртіппен, әлеуметтік маңызы бар істер санатын орындау кезінде өтеусіз көрсетеді.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, мемлекет кепілдік берген заң көмегін өзге тұлғалар өтеусіз көрсете алады.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалар

1. Құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін алуға барлық жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқығы бар.

2. Құқықтық консультация беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі:

1) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға;

2) мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша сексуалдық зорлық-зомбылық, адам саудасы, терроризм актісі құрбандарына не азаптауларға ұшыраған құрбандарға;

3) асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

4) жұмысына байланысты денсаулығының зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға;

5) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жеке тұлғаларға;

6) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға;

7) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық кірістері облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдарға (отбасыларға) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

3. Соттарда, қылмыстық қудалау органдарында, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі:

1) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылатын адамға;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес талап қоюшыға не жауапкерге және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға;

3) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында мемлекет кепілдік берген заң көмегін тұрғылықты жеріне және тұрған жеріне қарамастан алуға құқылы.

5. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның мүддесіне орай оның өкілі заңдарда белгіленген тәртіппен осындай көмек көрсету туралы өтінішхатпен жүгіне алады.

Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның құқықтары мен міндеттері

1. Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғаның:
 - 1) мемлекет кепілдік берген заң көмегіне теңдей қол жеткізуге;
 - 2) өз құқықтары, міндеттері және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шарттары туралы ақпарат алуға;
 - 3) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғаларға тегін заң көмегін көрсету үшін өтініш жасауға;
 - 4) мемлекет кепілдік берген заң көмегін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен алуға немесе оны алудан бас тартуға;
 - 5) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғалардың әрекеттеріне не әрекетсіздігіне осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағым жасауға;
 - 6) мемлекет кепілдік берген заң көмегі көрсетілген мәселенің құпиялығына құқығы бар.

2. Өзіне осы Заңның 15-бабының 2) және 3) тармақшаларында көзделген, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы өтінішхатпен жүгінген тұлға:

- 1) өзінің мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығын растайтын, тізбесін уәкілетті орган бекітетін құжаттарды ұсынуға;
- 2) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шарттарына ықпал ететін мән-жайлардың өзгергені туралы уақтылы хабарлауға;
- 3) мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету қажеттігіне негіз болған ақпараттың анықтығын қамтамасыз етуге міндетті.

28-бап. Адвокаттар көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегін ұйымдастыру, оны көрсету тәртібі және есепке алу

1. Адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы уәкілетті органмен келісу бойынша, Республикалық адвокаттар алқасы айқындаған тәртіппен заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы ұйымдастырады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы жыл сайын бірінші желтоқсаннан кешіктірмей аумақтық әділет органына мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін жібереді.

2. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысу үшін адвокаттарды іріктеудің өлшемшарттарын Республикалық адвокаттар алқасы бекітеді.

3. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттар тізіміне қосудың артықшылықты құқығы кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсететін адвокаттарға беріледі.

Тізімде адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның нөмірі мен берілген күні, адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысаны, адвокаттық қызметтің атауы және оны жүзеге асыру орны көрсетіледі.

4. Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттардың тізімін кезең-кезеңімен жаңартып отырады және жаңартылған күйде ұстайды.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдардың, соттардың немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органдардың (лауазымды адамдардың) тағайындауы бойынша білікті заң көмегін көрсету үшін адвокатты таңдау заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Аумақтық әділет органы жыл сайын он бесінші желтоқсаннан кешіктірмей, адвокаттармен мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы келісім жасасады.

Уәкілетті орган Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып әзірлейтін және бекітетін келісімнің нысанында адвокаттардың облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағында тұратын халықты заң көмегімен толыққанды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері және оның шарттары қамтылуға тиіс.

6. Аумақтық әділет органы жыл сайын жиырма бесінші желтоқсаннан кешіктірмей мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін өзінің интернет-ресурсына орналастырады.

Республикалық адвокаттар алқасы жиырма бесінші желтоқсаннан кешіктірмей заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімін орналастырады.

7. Құқықтық консультация беру түріндегі, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету өтініш иесі өтініш жасаған кезде бірден адвокаттың қызметтік үй-жайында жүзеге асырылады. Заң көмегін өтініш иесі өтініш жасағаннан кейін бірден көрсету мүмкін болмаған кезде, ол үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде көрсетілуге тиіс. Адвокат өтініш иесіне қабылдау күні мен уақыты туралы қолжетімді нысанда хабарлайды.

8. Егер өтініш иесі жүріп-тұруындағы қиындықтарға байланысты ауыр науқасы, мүгедектігі немесе өзге де мән-жайлар салдарынан адвокат белгілеген қабылдау орнына келе алмайтындай жағдайда болса, құқықтық консультация беру оның болатын жерінде жүргізіледі.

Тұлға сол бір мәселе бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет ала алады.

9. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алуды осындай көмек ұсынған адвокат уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүргізеді.

10. Адвокаттар ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей, өздері көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есепті заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы қалыптастырады.

Есеп нысанын Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып, уәкілетті орган бекітеді.

11. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасы жыл сайын бесінші шілдеден және бесінші қаңтардан кешіктірмей, заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы аумақтық әділет органына уәкілетті орган Республикалық адвокаттар алқасының ұсынымдарын ескере отырып бекітетін нысан бойынша адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есеп ұсынады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасының жиынтық есебінде ауылдық елді мекендердің мемлекет кепілдік берген заң көмегімен қамтамасыз етілуі туралы ақпарат қамтылады.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-1-бап. Заң консультанттарының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібі

Заң консультанттарының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуын заң консультанттарының палаталары уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұйымдастырады.

Ескерту. Заң 28-1-баппен толықтырылды – ҚР 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тарту

1. Егер өтініш иесі жүгінімнің құқықтық сипаты болмаса, құқықтық ақпарат беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тартылады.

2. Мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) өтініш иесі мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар, осы Заңның 26-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген тұлғалар санатына жатпаса;

2) өтініш иесі жүгінімнің құқықтық сипаты болмаса, құқықтық консультация беру, қорғау және өкілдік ету түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тартылады.

3. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тарту уәжді болуға тиіс және оған уәкілетті органға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 29-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін қаржыландыру

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3-БӨЛІМ. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

3-тарау. АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҢ МӘРТЕБЕСІ

31-бап. Адвокатураның мақсаты

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сот арқылы қорғауға және заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған.

2. Адвокаттар алқасы адвокаттардың қылмыстық істер, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қорғау, сондай-ақ қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларды іске асыруда жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі қызметін ұйымдастырады.

3. Адвокаттар өздері жүзеге асыратын адвокаттық қызмет шеңберінде көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.06.2020 № 351-VI Заңымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

32-бап. Адвокат

1. Жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы адвокат болып табылады.

2. Сот әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп таныған не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адам адвокат бола алмайды.

Мыналар:

қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-

бабының негізінде босатылған адам – осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

теріс себептер бойынша мемлекеттік және әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан шығарылған, сондай-ақ судья лауазымынан босатылған адам – шығарылған (босатылған) күннен бастап үш жыл бойы;

әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған адам – осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

осы Заңның 44-бабы 4-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған адам – сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл бойы;

теріс себептер бойынша заң консультанттары палатасының тізілімінен шығарылған адам – шығарылған күннен бастап үш жыл бойы адвокат бола алмайды.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. Адвокаттың құқықтары мен міндеттері

1. Адвокат көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға ол мұқтаж болып тұрған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы.

2. Осы Заңның 63-бабының 7-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, адвокат өзіне өтініш жасаған тұлғамен заң көмегін көрсету туралы өз атынан жазбаша шарт жасасады.

3. Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет ете отырып:

1) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде , заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға және оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға;

4) процестік құжаттарды, тергеу және сот істерін қоса алғанда, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген кезден бастап жолығулардың санын, ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға ие болуға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге;

8) егер бұл анықтау сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу кезінде, сотта қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін қажет болса, мемлекеттік құпияларды құрайтын, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

10) татуластыру рәсімдерін жүргізуге;

11) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;

12) заңнамаға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

4. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, адвокаттың заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүдделерін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды.

Адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізетін органдардың әкімшілік ғимараттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, адвокат куәлігін көрсету арқылы еркін кіру құқығын пайдаланады.

Адвокаттың ұстап алынғандарды, күзетпен ұсталатындарды және жазасын өтеп жатқандарды ұстау орындарына кіруі белгіленген өткізу режиміне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Адвокаттың міндетті сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғауға құқығы бар.

Адвокаттар әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлейді.

Адвокаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар.

6. Адвокаттар сот отырыстарына адвокаттық мантиялар киіп қатысуға құқылы.

Адвокаттық мантиялардың нысаны мен сипаттамасын Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейді және бекітеді.

7. Адвокат:

1) өзінің кәсіптік міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасы адвокатының антын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін сақтауға;

3) адвокаттар алқасының мүшесі болуға;

4) өзінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыруды жүзеге асыруға;

5) клиентке адвокаттар алқасына мүшелігі туралы ақпарат беруге;

6) клиентке заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің оны көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлауға;

7) клиенттің талап етуі бойынша адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесін ұсынуға;

8) клиенттің талап етуі бойынша онымен құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға;

9) заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға және оларды көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның келісуінсіз жария етпеуге;

10) клиенттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекетті орындауға;

11) клиенттің талап етуі бойынша заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты орындау туралы есеп ұсынуға;

12) клиенттің талап етуі бойынша заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелерін заң көмегін көрсету аяқталған күннен бастап үш жыл бойы қағаз немесе электрондық жеткізгіштерде не электрондық құжаттар нысанында сақтауға;

13) өзінің біліктілігін ұдайы арттырып отыруға;

14) адвокаттар алқасына мүше болып кіргеннен кейін, сондай-ақ коммерциялық ұйым құрылғаннан кейін бір ай ішінде, өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлесті (акциялар пакетін) және пайдаланылуы кіріс алуға алып келетін өзге де мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Мүлікті сенімгерлік басқару шарты нотариаттық куәландырылуға жатады. Адвокат өзіне тиесілі облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын сенімгерлік басқаруға бермеуге құқылы. Адвокаттың сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалдауға берілген мүліктен кіріс алуға құқығы бар;

15) Қазақстан Республикасының заңдарында және заң көмегін көрсету туралы шартта көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

8. Адвокаттың:

мүдделер қақтығысы болған кезде;

процестік заңнамада көзделген, адвокаттың іске қатысуын болғызбайтын мән-жайлар болған кезде заң көмегін көрсетуіне тыйым салынады.

Бұл жағдайларда адвокат заң көмегін көрсетуден бас тартуға міндетті.

9. Адвокаттың іс бойынша көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның жағдайын нашарлататын құқықтық ұстанымда болуына, өз өкілеттігін өзі мүдделерін қорғайтын немесе білдіретін тұлғаға нұқсан келтіріп пайдалануына тыйым салынады.

10. Адвокат осы баптың 8-тармағында көзделген мән-жайлар болмаған кезде қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқылы емес және қорғалатын тұлғаның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша сот төрелігіне сай емес үкім шығарылған жағдайда, оған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

11. Адвокаттың Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің және коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің (директорлар кеңесінің) құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларынан басқа ретте, мемлекеттік қызметте болуына және кәсіпкерлік қызметпен айналысуына, өзге де ақы төленетін лауазымда болуына тыйым салынады.

Коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің (директорлар кеңесінің) құрамына кірген жағдайда, адвокат осы ұйымға және онымен үлестес тұлғаларға заң көмегін көмек көрсетуге құқылы емес.

Адвокат адвокаттық қызметті адвокаттар алқасында, Республикалық адвокаттар алқасында, адвокаттардың халықаралық қоғамдық бірлестіктерінде ақы төленетін сайланбалы және тағайындалатын лауазымдардағы жұмыспен қоса атқаруға құқылы.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 21.02.2019 № 227-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Адвокаттың кәсіптік мінез-құлық нормалары

Адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіптік қағидаларды сақтауға:

1) өзінің құқықтарын жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде адалдық білдіруге;

2) органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстауға;

3) өзінің кәсіптік мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастырып және шектей отырып, істі қасақана созуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеуге;

4) көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүдделеріне адалдық сақтауға және оның мүдделеріне қайшы қандай да бір әрекеттер жасамауға тиіс.

35-бап. Адвокаттық қызметтің кепілдіктері

1. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа ретте, адвокаттың құқықтары шектелуге жатпайды. Заңды адвокаттық қызметке араласу не кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

2. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған тұлғамен теңдестіруге тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мыналарға:

адвокат өзінің кәсіптік міндеттерін жүзеге асырған кезде өзіне мәлім болған мән-жайлар туралы одан куә ретінде жауап алуға;

адвокаттан, оның көмекшісінен, оның тағылымдамадан өтушісінен, адвокатпен, заң консультациясымен, адвокаттық кеңсемен еңбек қатынастарында тұрған тұлғадан, адвокаттар алқасы төралқасының басшылары мен жұмыскерлерінен, сондай-ақ өзінің адвокаттық қызметпен айналысу құқығы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған адамнан заң көмегін көрсетуге байланысты мәліметтерді, материалдарды талап етіп алдыруға немесе талап етуге немесе оларды адвокаттың және оның клиентінің келісуінсіз, басқа тәсілмен алуға әрекеттенуге тыйым салынады.

4. Мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар адвокатқа өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығудың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда, осындай жолығулар беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығын шектеуге құқылы емес.

5. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа ретте, адвокаттық іс қағаздарын жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурасы, компьютерлік техникасы жете тексерілуге, қарап-тексерілуге, алынуға, алып қойылуға және тексерілуге жатпайды.

6. Адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде адвокаттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету құқығына заңда белгіленген тәртіппен кепілдік беріледі.

7. Қылмыстық қудалау органдары, олардың лауазымды адамдары процестік заңда көзделген жағдайларда, адвокатты оның тергеу және өзге де процестік әрекеттерге адвокатпен келісілген мерзімде қатысуы қажет екені туралы хабардар етуге міндетті.

8. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және заңды тұлғалар адвокаттың заң көмегін көрсетуіне байланысты сұрау салуына он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге міндетті.

Егер ақпарат қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа жатқызылған жағдайда, адвокатқа сұратылып отырған мәліметтерді беруден бас тартылуы мүмкін.

9. Адвокаттың қабылданған тапсырманы орындау кезінде сотта процестік заңнамада белгіленген тәртіппен адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті компьютерлерді, смартфондар мен өзге де техникалық құралдарды пайдалануға құқығы бар.

36-бап. Адвокат қызметін сақтандыру

1. Адвокат шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға осындай көмек көрсету нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға міндетті.

Адвокат кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты болмаған кезде заң көмегін көрсетуге кірісуге құқылы емес.

Егер адвокат адвокаттық кеңсенің әріптесі болып табылса, онда оның кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуды адвокаттық кеңсе жүзеге асыруы мүмкін.

2. Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне сақтандырылған тұлғаның заң көмегін көрсетуі кезінде жол берген кәсіптік қателіктері салдарынан келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының (сақтандырылғанның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

Осы баптың мақсаттары үшін кәсіптік қателіктер деп мыналар:

1) процесстік мерзімдерді өткізіп алу;

2) құжаттарды дұрыс ресімдемеу;

3) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаға зиян келтіруге алып келген, жасалатын заңдық әрекеттердің салдарлары туралы оған хабарламау;

4) сақтанушы (сақтандырылған тұлға) заң көмегін көрсету үшін клиенттен алған құжаттардың жоғалуы немесе бүлінуі;

5) адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтерді құқыққа сыйымсыз жария ету түсініледі.

Кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру шартында сақтандырылған тұлғаның шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне осындай көмек көрсетуі нәтижесінде зиян келтіруге алып келген өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) айқындалуы мүмкін.

4. Егер шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген зиян сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) кәсіптік міндеттерді абайсыз бұзуының салдары болып табылса, сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі.

5. Адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның шарттарымен айқындалады және қызметін республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жүзеге асыратын адвокаттар үшін – адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған күнге тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде бір мың еселенген, өзге адвокаттар үшін кемінде бес жүз еселенген мөлшерін құрауға тиіс.

Адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың тәртібі мен өзге де шарттары адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарты негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37-бап. Адвокаттық құпия

1. Адвокаттық құпияны адвокатқа өтініш жасау фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғамен және басқа да тұлғалармен ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүдделерінде қабылданатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат құрайды.

2. Адвокаттар, олардың көмекшілері, тағылымдамадан өтушілері, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультациясының, адвокаттық кеңсенің жұмыскерлері, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысу құқығы тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған адам заң көмегін көрсетуге байланысты алынған қандай да бір мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші тұлғалардың мүдделері үшін пайдалануға құқылы емес.

3. Адвокаттық құпияға жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның келісуінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады.

4. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтер мен ақпарат ұсыну адвокаттық құпияны жария ету болып табылмайды.

5. Адвокаттық құпияны сақтау міндеті уақытпен шектелмейді.

6. Адвокаттар, олардың көмекшілері, тағылымдамадан өтушілері, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультациясының, адвокаттық кеңсенің жұмыскерлері адвокаттық құпияны сақтау, оның ішінде оны санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау үшін қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

38-бап. Адвокаттың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері

1. Адвокаттардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері болуы мүмкін.

2. Адвокаттың көмекшілері еңбек шарты негізінде заң консультациясында, адвокаттық кеңседе немесе адвокаттық қызметпен жеке-дара айналысатын адвокатта жұмыс істей алады.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқауы бойынша және жауапкершілігімен оның тапсырмаларын орындауға құқылы.

3. Адвокаттық қызметтің кәсіптік білімдері мен практикалық дағдыларын меңгеру мақсатында адвокаттар алқасымен тағылымдамадан өту туралы шарт жасасқан, жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматы адвокаттың тағылымдамадан өтушісі болып табылады.

Осы Заңның 32-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сай келетін және тағылымдамадан өтуге ниет білдірген адам адвокаттар алқасының төралқасына тізбесі

уәкілетті органмен келісу бойынша Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейтін және бекітетін Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеде белгіленетін құжаттарды қоса бере отырып, тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтінішпен жүгінеді.

4. Адвокаттар алқасының төралқасы өтінішті қарау нәтижелері бойынша мынадай:

1) тағылымдамадан өтуге жіберу туралы;

2) тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тарту туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Тағылымдамадан өтуге жіберу туралы өтініш бойынша шешім өтініш берушінің өтініші адвокаттар алқасының төралқасына келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылданады.

5. Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілер санының көп жинақталуы себепті тағылымдамадан өтуге жіберуден бас тартуға жол берілмейді.

6. Тағылымдама кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттың басшылығымен жүзеге асырылады. Тағылымдаманың ұзақтығы алты айдан бір жылға дейінді құрайды.

Тағылымдама кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі.

Тағылымдамадан өту кезеңінде тағылымдамадан өтуші еңбек шарты бойынша адвокаттың көмекшісі ретінде жұмысқа қабылдануы мүмкін.

7. Тағылымдамадан өтуді ұйымдастыруды уәкілетті органмен келісу бойынша Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейтін және бекітетін Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережеге сәйкес адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Тағылымдаманың нәтижелері бойынша тағылымдамадан өтушінің жетекшісі қорытынды жасайды және оны бекіту үшін адвокаттар алқасының төралқасына береді.

Адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдама материалдарын қарау қорытындылары бойынша тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекіту не тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Тағылымдамадан ойдағыдай өткені туралы қорытынды адвокаттар алқасының төралқасы бекіткен күннен бастап үш жыл бойы жарамды болады.

Тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешім уәжді болуға тиіс және оған Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Тағылымдамадан өтпеген адам тағылымдамаға жалпы негіздерде қайта жіберіледі.

8. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар тағылымдамадан өтпейді.

9. Адвокаттың көмекшісі мен тағылымдамадан өтушісі адвокаттық қызметпен дербес айналысуға құқылы емес.

10. Адвокаттар алқасының Жарғысында тағылымдама барысында орындайтын жұмысы үшін тағылымдамадан өтушілерді материалдық көтермелеу шаралары көзделуі мүмкін.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

39-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміттенетін адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия

1. Адвокаттар алқасында тағылымдамадан ойдағыдай өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары жанынан құрылатын адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияда аттестаттаудан өтеді.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия жеті мүшеден, оның ішінде кандидатураларын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың адвокаттар алқалары мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) айқындайтын үш адвокаттан тұрады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссиялардың дербес құрамы және олардың жұмыс регламенті Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрықтарымен бекітіледі.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар;

2) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар;

3) теріс себептермен шығарылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан шығарылған адамдар аттестаттаудан өтуден босатылады.

3. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның негізгі міндеттері:

1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия алуға үміткерлерді сапалы іріктеуді қамтамасыз ету;

2) отырыстардың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының, Республикалық адвокаттар алқасының өкілдері және адвокаттар алқасының мүшелері қатысуға құқылы.

5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның отырыстарында ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында тиісті сападағы аудио- және (немесе) бейнежазу не стенографиялау жүзеге асырылады. Отырыс барысында алынған стенограмма, аудио- және (немесе) бейнежазбалар отырыстың хаттамасына қоса тігіледі және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның материалдарымен бірге сақталады.

40-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау жүргізу тәртібі мен шарттары

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау жүргізу тәртібі мен шарттары уәкілетті орган айқындайтын қағидаларда белгіленеді.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан ойдағыдай өткеннен кейін адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияға "электрондық үкіметтің" веб-порталы не заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, өзін аттестаттауға жіберу туралы өтініш жібереді.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам өтініш беру кезінде аттестаттаудың жүргізілетін орнын, күнін және тілін (қазақ немесе орыс) айқындауға құқылы.

3. Құжаттар тиісінше ресімделмеген не олардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары ұсынылған құжаттармен бірге өтінішті "электрондық үкіметтің" веб-порталына келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оларды қарамастан, қайтару себебі туралы хабарламамен бірге үміткерге қайтарады.

Комиссия үміткердің аттестаттауға жіберу туралы өтінішін күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия қарау қорытындылары бойынша үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы уәжді шешім шығарады.

Өтініш заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы берілген кезде, барлық деректердің адвокатқа қойылатын талаптарға сәйкестігі интеграцияланған дерекқорлардың ресурстары пайдаланыла отырып, автоматты түрде тексеріледі.

Егер үміткер осы Заңда белгіленген талаптарға сай болмаса, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей үміткерге жібереді.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттау жүргізілерден күнтізбелік он күн бұрын оның жүргізілетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы хабардар етеді.

Өтініш заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы берілген және үміткер адвокатқа қойылатын талаптарға сәйкес келген кезде, заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі аттестаттау жүргізу үшін үміткерлердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады және оның жүргізілетін орнын, күнін, уақытын және тілін (қазақ немесе орыс) растайды.

5. Аттестаттау жарты жылда бір рет өткізіледі.

6. Аттестаттау мынадай екі кезеңнен:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және адвокаттық қызметті жүзеге асыруға психологиялық дайындығын кешенді компьютерлік тестілеу;

2) қажетті көздерді пайдалана отырып, істің мән-жайларын талдау бойынша практикалық тапсырма кезеңдерінен тұрады.

7. Уәкілетті орган белгілеген кешенді компьютерлік тестілеудің шекті балын жинаған үміткер кешенді компьютерлік тестілеуден өткен болып есептеледі және аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.

8. Біріздендірілген заңдық тест тапсырмаларынан тұратын кешенді компьютерлік тестілеу компьютерлік техниканы пайдалана отырып жүргізіледі.

Тестілеу үшін заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі қолданылған жағдайда, кешенді компьютерлік тестілеудің мазмұны біріздендірілген заңдық тест тапсырмаларынан автоматты түрде жасалады.

Уәкілетті орган біріздендірілген заңдық тест тапсырмаларын қалыптастыруды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, конкурстық негізде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.

9. Аттестаттаудың екінші кезеңі үшін практикалық тапсырманың мазмұнын Республикалық адвокаттар алқасы өзі дербес қалыптастырады.

Республикалық адвокаттар алқасының өкілдері практикалық тапсырмалардың нұсқаларын үміткерлер санынан асып түсетін санда ұсынады. Практикалық тапсырманың сұрақтары құпия ақпарат болып табылады және жария етілуге және таратылуға жатпайды.

10. Комиссия екінші кезеңнің нәтижелері бойынша үміткердің аттестатталғаны туралы не аттестатталмағаны туралы уәжді шешім шығарады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешіміне уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Аттестатталғаны туралы шешім шығарылған күнінен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

11. Заңдардың қағаз мәтіндерін пайдалануға болатын аттестаттау жүргізудің екінші кезеңін қоспағанда, аттестаттау жүргізу кезінде үміткердің анықтамалық, арнаулы және басқа да әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануына рұқсат берілмейді.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, комиссия үміткерді ағымдағы аттестаттаудан шеттетеді.

Аттестаттаудан шеттетілген үміткер шешім шығарылған күннен үш ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы қайтадан өтініш беруге құқылы.

41-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия адвокаттық қызметпен айналысуға берілген рұқсат болып табылады және оны үміткер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда тағылымдамадан және аттестаттаудан өткеннен кейін лицензиар береді.

2. Лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиялардың тізілімін жүргізеді, тізілімнің мәліметтерін, сондай-ақ адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттардың тізімін жаңартылған күйде өзінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

42-бап. Лицензия беруден бас тарту

Лицензия беруден "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша бас тартылады.

43-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жалпы негіздерден басқа, мынадай:

- 1) адвокат мемлекеттік қызметте болған;
- 2) ол Қазақстан Республикасының Парламенті депутатының, өз қызметін бюджет қаражаты есебінен ақы төленетін, тұрақты немесе жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутатының өкілеттіктерін атқарған;
- 3) адвокат мерзімді әскери қызметті өткерген;
- 4) адвокат өз қызметін адвокаттар алқасына берілген өзінің өтініші негізінде тоқтата тұрған кезеңде тоқтатыла тұрады.

3. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы мынадай жағдайларда көрсетілген мерзімге:

- 1) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына арналған лицензиядан айыру туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалғанда – шешім қабылданғанға дейін;

2) адвокатты қылмыстық-процестік заңға сәйкес қылмыс жасауда айыпталушы деп танығанда – үкім заңды күшіне енгенге дейін;

3) біліктілікті арттырудан өту мерзімін күнтізбелік отыз күннен астам уақыт дәлелсіз себеппен бұзғанда не оны өтуден бас тартқанда – бұзушылық жойылғанға дейін, бірақ үш айдан аспайтын мерзімге;

4) адвокат мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарына сәйкес келмейтін, мемлекет кепілдік берген заң көмегін жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) көрсеткенде – алты айға;

5) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзғанда – алты айға;

б) коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге де ақы төленетін қызметпен де айналысқанда – алты айға тоқтатыла тұрады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдарының ұсынуы, Республикалық және аумақтық адвокаттар алқаларының өтінішхаты негізінде лицензиардың шешімімен жүзеге асырылады.

Лицензиардың адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешімінде лицензияның қолданысын тоқтата тұру себептері мен мерзімі көрсетілуге тиіс. Адвокат лицензиясының қолданысын тоқтата тұру лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған күннен бастап адвокаттық қызметті жүзеге асыруға тыйым салуға алып келеді.

5. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатыла тұрған адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын қайта бастау адвокаттың өтініші бойынша күнтізбелік он күн ішінде лицензиардың бұйрығы және оны тоқтата тұру үшін негіздердің тоқтатылғанын растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия қолданысының қайта басталғаны туралы адвокат, адвокаттар алқасы, құқық қорғау органдарының орталық аппараттары және соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган хабардар етіледі.

6. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы шешім лицензиардың интернет-ресурсында орналастырылады. Қабылданған шешім туралы адвокат, адвокаттар алқасы, құқық

қорғау органдарының орталық аппараттары және соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган хабардар етіледі.

7. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы немесе қайта бастаудан бас тарту туралы шешімге адвокат сотқа шағым жасауға құқылы.

8. Қажет болған және клиент келіскен жағдайларда, адвокаттар алқасы адвокатының адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясы тоқтатыла тұрған клиентті заң көмегімен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды.

44-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату және одан айыру

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және негіздерде жүзеге асырылады.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуды, осы баптың 1-тармағында көзделген негіздерден бөлек, мынадай:

1) адвокат заңды күшіне енген сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабарсыз кетті деп танылған;

2) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;

3) адвокат қайтыс болған;

4) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

5) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

6) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда жүзеге асырады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру, осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, мынадай:

1) адвокат кәсіптік міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) осы Заңның 55-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес адвокаттар алқасы жүргізген аттестаттау нәтижелері бойынша белгіленген біліктіліктің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындауы мүмкін болмаған;

3) осы Заңының 43-бабы 3-тармағының 3) және 6) тармақшаларында көзделген лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған мән-жайлар жойылмаған;

4) лицензиаттың лицензия беруге негіз болған құжаттарда анық емес немесе қасақана бұрмалаған ақпарат ұсыну фактісі анықталған;

5) қатарынан отыз алты ай ішінде лицензияның қолданысы осы Заңының 43-бабы 3-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша үш рет тоқтатыла тұрған жағдайларда, лицензиардың талап қоюы бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

5. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларда, адвокаттар алқасы төралқасының өтінішхаты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы талап қою арызын дайындауға негіз болып табылады.

Осы баптың 4-тармағының 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларда, аумақтық әділет органының ұсынуы да адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы талап қою арызын дайындауға негіз болып табылады.

Лицензиар сот шешімі негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

6. Осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда, аумақтық әділет органының ұсынуы адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Лицензиар адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия қолданысының тоқтатылғаны туралы соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган, құқық қорғау органдарының орталық аппараттары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

45-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

1. Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) құқықтық мәселелер бойынша ауызша нысанда да, жазбаша нысанда да консультациялар береді;

2) арыздар, шағымдар, өтінішхаттар мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттар жасайды;

3) азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуге клиенттің өкілі ретінде қатысады;

4) қылмыстық сот ісін жүргізуге және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуге клиенттің қорғаушысы немесе өкілі ретінде қатысады;

5) медиация жүргізу кезінде, төрелікте және дауларды шешетін өзге де органдарда істерді талқылауға клиенттің өкілі ретінде қатысады;

6) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда клиенттің мүдделерін білдіреді;

7) егер шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық сот органдарының және өзге де халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарында, соттарында және құқық қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында, шет мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында клиенттің мүдделерін білдіреді;

8) атқарушылық ісін жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жазаны орындау кезінде клиенттің өкілі ретінде қатысады;

9) татуластыру рәсімдерін жүргізеді.

2. Адвокаттар Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге заң көмегін де көрсетеді.

3. Көмек сұрап өтініш жасаған тұлға, егер қорғалушы өзіне адвокат таңдамаса немесе таңдай алмаса, адвокаттың қатысуы міндетті қылмыстық істер бойынша адвокат қорғаушы ретінде тағайындалған жағдайларды қоспағанда, адвокат таңдауда еркін болады.

4. Қылмыстық істер бойынша кәсіптік қорғауды адвокаттар ғана жүзеге асырады.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

46-бап. Адвокаттың өкілеттіктерін куәландыру

1. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттіктері адвокат куәлігімен және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламамен расталады.

2. Адвокат куәлігінің нысанын және оны толтыру тәртібін Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы әзірлейді және бекітеді.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылуына немесе оның қолданысының тоқтатылуына, сондай-ақ қолданысының тоқтатыла тұруына байланысты адвокаттар алқасына мүшеліктен шығарылған адам тиісті шешім қабылданғаннан кейін өзінің куәлігін өзі мүшесі болған адвокаттар алқасына тапсыруға міндетті.

3. Қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламада қорғалуға (өкілдік етілуге) жататын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), өкілдік етілетін заңды тұлғаның атауы, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге арналған шарттың күні мен тіркеу нөмірі көрсетілуге тиіс.

Қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаға қорғауды (өкілдік етуді) жүзеге асыратын адвокат қол қояды.

4. Қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаның нысанын, оның ішінде оған енгізілетін мәліметтердің тізбесін Республикалық адвокаттар алқасы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

5. Қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарламаға анық емес мәліметтер енгізгені үшін адвокат осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

6. Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттіктері оның жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсетуге өкілеттіктерін куәландыратын құжаттармен расталады.

7. Адвокаттың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ егер бұл қабылданған тапсырманы орындауға қажет болса және тиісті мемлекеттердің заңнамасы мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмесе, оның шегінен тыс жерлерде адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

47-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу

1. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшері адвокаттың көмек сұрап өтініш жасаған тұлғамен жазбаша шартында белгіленеді.

Шарт жасасу міндетті болып табылады және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың бір данасы осындай шарт жасасылған тұлғаға табыс етіледі.

2. Шарттың елеулі талаптары мыналар болып табылады:

1) қорғаушы не өкіл ретінде тапсырманы орындауды қабылдаған адвокаттың тегін, атын және әкесінің атын (ол бар болған жағдайда) не адвокаттық кеңсенің атауын көрсету. Адвокаттық кеңсе мен заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлға арасында жасалатын шарт бойынша қорғаушы не өкіл ретінде тапсырманы орындауды адвокаттық кеңсе тағайындаған адвокат қабылдайды;

2) адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысанын және тапсырманы қабылдаған адвокат мүшесі болып табылатын адвокаттар алқасын көрсету;

3) тапсырманың нысанасы;

4) көрсетілетін заң көмегіне ақы төлеу және адвокаттың қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарын өтеу мөлшері мен тәртібі;

5) шартты бұзу тәртібі мен жағдайлары.

3. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне істің нәтижесіне немесе адвокаттық қызметтің табысты болуына қарай ақы төлеу мөлшерін белгілейтін шарттарға немесе ұйғарылған соманың бір бөлігін адвокат алатын шарттарға жол берілмейді.

Адвокаттың немесе адвокаттық кеңсенің тиісті қаржы құжатын бермей, заң көмегіне, оның ішінде ауызша заң консультацияларына ақы төлеу және тапсырманы орындауға байланысты шығыстар есебіне қолма-қол ақша алуына жол берілмейді.

48-бап. Адвокаттар көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу

1. Адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. Адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерлерін уәкілетті орган белгілейді.

3. Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібі уәкілетті орган айқындайтын мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне, іссапарлық, көліктік шығыстарға ақы төлеу және оның құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге байланысты басқа да шығыстарын өтеу қылмыстық қудалау органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымдары бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

49-бап. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары

Адвокат өз қызметін адвокаттар алқасында құрылатын заң консультациясында не заңды тұлғаны тіркеместен, жеке-дара жүзеге асыруға, сондай-ақ өзі дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, адвокаттық кеңсе құруға құқылы.

Кәсіптік қызметті заңды тұлғаны тіркеместен, жеке-дара жүзеге асыратын адвокаттың адамдарды қабылдауға, адвокаттық іс қағаздарын жүргізудің сақталуын және адвокаттық құпияны сақтауды қамтамасыз ету үшін жағдайларды сақтауға қажетті қызметтік үй-жайы болуға міндетті.

50-бап. Адвокаттар алқасы

1. Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар құрады.

2. Адвокаттар алқасы адвокаттардың жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау, осы Заңда белгіленген өзге де функцияларды орындау үшін адвокаттар құратын коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуге тиіс, ол басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқылы емес.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол осы Заңның 32-бабының талаптарына сәйкес келетін кемінде он құрылтайшының бастамасы бойынша құрылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын қамтуға тиіс.

4. Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері мыналар:

1) адвокаттар алқасының мүшелері адвокаттық қызметті жүзеге асырған кезде оларға жәрдемдесу, кәсіптік көмек көрсету және оларды қорғау;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;

4) алдын ала тергеу органдары мен соттың тағайындауы бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегінің көрсетілуін және қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

5. Адвокаттар алқасы өзінің интернет-ресурсына:

1) адвокаттар алқасы мүшелерінің жаңартылған күйдегі тізімін;

2) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметке және заң көмегіне қатысты нормативтік құқықтық актілерін;

3) Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін;

4) заң көмегін көрсету стандарттарын;

5) заң көмегі сапасының өлшемшарттарын;

6) біліктілікті арттыру стандарттарын;

7) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету туралы мәліметтерді;

8) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы), адвокаттар алқасын басқарудың атқарушы органдары қабылдаған шешімдерді;

9) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелерін;

10) алқаның қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есепті ;

11) адвокаттар алқасының қызметі және оның мүшелері туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады.

Адвокаттар алқасы адвокаттар алқасы мүшелерінің ақпарат алу тәсілдерін көздеуге тиіс.

6. Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құрады.

7. Адвокаттар алқалары Республикалық адвокаттар алқасына бірігеді.

51-бап. Адвокаттар алқасының мүлкі

1. Адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқасының мүшелері төлейтін жарналар , гранттар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін қайырымдылық көмек, қайырмалдықтар есебінен қалыптастырылады.

2. Адвокаттар алқасының ортақ мұқтаждарға арналған шығындарына оны материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйақы беруге арналған шығыстар және олардың адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, адвокаттар алқасы аппараты жұмыскерлерінің жалақысына жұмсалатын шығыстар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

52-бап. Адвокаттар алқасының жарғысы

1. Адвокаттар алқасының жарғысында:

1) адвокаттар алқасының атауы, қызмет нысанасы мен мақсаттары;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

3) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібі;

4) адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыреті;

5) заң консультацияларын құру және олардың қызмет ету тәртібі;

6) мүлікті түзу көздері мен оған билік ету тәртібі;

7) мүшелік және нысаналы жарналарды төлеу тәртібі;

8) адвокаттардың мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібі және соттың , қылмыстық қудалау органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін адвокаттар арасында бөлу тәртібі;

9) Адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі туралы ереже негізінде адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі;

10) адвокаттар алқасы мүшелерінің және адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тәртіптік жауаптылығы және оған тарту тәртібі;

11) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат қозғау тәртібі;

12) адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібі;

13) адвокаттар алқасы таратылған кезде мүліктің тағдыры көзделуге тиіс.

2. Адвокаттар алқасының жарғысында осы Заңның 1-бөлімінің және осы бөлімнің талаптарын көрсететін ережелер қамтылуға тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

53-бап. Адвокаттар алқасының органдары

1. Мыналар:

1) жоғары орган – мүшелердің жалпы жиналысы (конференциясы);

2) атқарушы орган – төралқа;

3) бақылау органы – ревизиялық комиссия адвокаттар алқасының органдары болып табылады.

Адвокаттар алқасында адвокаттардың тәртіптік комиссиясы құрылады.

2. Адвокаттар алқасының жарғысында көзделген жағдайларда, адвокаттар алқасында адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін әдеп жөніндегі комиссия мен басқа да органдар құрылуы мүмкін.

54-бап. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)

1. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

2. Жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыретіне:

1) адвокаттар алқасының жарғысын және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдер қабылдау;

2) адвокаттар алқасының төралқасын, төралқа төрағасын, ревизиялық комиссиясын, ревизиялық комиссия төрағасын, тәртіптік комиссиясын, адвокаттар алқасының тәртіптік комиссиясының төрағасын сайлау;

3) адвокаттар алқасының жарғысында көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасының басшылары мен жұмыскерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау және бекіту;

5) адвокаттар алқасының төралқа мүшелерін, төралқа төрағасын, басқа да сайланбалы органдарының мүшелері мен төрағаларын мерзімінен бұрын кері шақыртып алу;

6) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде есептелетін мүшелік және нысаналы жарналардың мөлшерлемелерін белгілеу жатады, бұл ретте кәсіптік қызметін ауылдық

елді мекендерде жүзеге асыратын адвокаттар не бір жылдан аз адвокаттық қызмет өтілі бар жастар белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік және нысаналы жарналарды төлейді;

7) қаржылық-шаруашылық қызмет туралы есепті бекіту жатады.

3. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) адвокаттар алқасы мүшелері жалпы санының немесе тиісінше, адвокаттар алқасы мүшелері конференциясының сайланған делегаттары құрамының үштен екісі болған кезде шешімдер қабылдауға құқықты.

4. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) адвокаттар алқасының төралқасы кемінде жылына бір рет шақырады. Ревизиялық комиссияның немесе адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы отыз күн ішінде адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақыруға міндетті.

5. Адвокаттар алқасының жарғысында жалпы жиналыстың (конференцияның) айрықша құзыретіне жататын өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

Ескерту. 54-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

55-бап. Адвокаттар алқасының төралқасы

1. Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттар алқасының алқалы атқарушы органы болып табылады.

Дәл сол бір адамдар адвокаттар алқасының төралқасында қатарынан екі мерзімнен артық бола алмайды.

2. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, адвокаттар бюджет қаражаты есебінен көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысын (конференциясын) шақырады және оның шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

3) адвокаттардың кәсіптік және өзге де құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады;

5) адвокаттардың қызметі туралы олардың қорытылған есептерін Республикалық адвокаттар алқасына тоқсан сайын ұсынады;

6) жүктілігі және босануы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңінде адвокаттарды және еңбекке уақытша

қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам адвокаттық қызметті жүзеге асырмаған адвокаттарды мүшелік және нысаналы жарналарды төлеуден босатады;

7) адвокаттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен шағымдарды (ұсынуларды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) адвокаттарға аттестаттау жүргізуді және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

9) осы Заңда көзделген негіздер бойынша лицензиарға адвокатқа қатысты адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат береді;

10) адвокаттардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша алқа адвокаттары көрсететін қызметтердің орташа құнын (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша) айқындайды және осы ақпараттың адвокаттар алқасының, Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырылуын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;

12) оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

13) кодификациялық-анықтамалық жұмыс жүргізуді ұйымдастырады, адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды әзірлейді және басып шығарады;

14) заң консультацияларын құрады, олардың меңгерушілерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

15) нысанын Республикалық адвокаттар алқасы бекітетін адвокат куәлігін береді;

16) адвокаттар алқасының қаражатына жарғыда айқындалған және адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) айқындаған тәртіппен билік етеді;

17) бухгалтерлік есепке алуды, қаржылық есептілікті, іс қағаздарын жүргізуді және бастапқы статистикалық деректерді қалыптастыруды ұйымдастырады;

18) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді;

19) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

56-бап. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы

1. Сайланған күніне дейін кемінде бес жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып сайлана алады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Дәл сол бір адам қатарынан екі мерзімнен артық адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы лауазымын атқара алмайды.

2. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы алқаның жарғысына сәйкес:

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және төралқа, адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналыстары (конференциялары) шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

2) төралқа аппаратының жұмысына басшылық етеді, адвокаттар алқасы аппаратының жұмыскерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасы атынан өкілдік етеді;

4) адвокаттық қызметті ұйымдастырудың адвокат таңдаған нысанын және заңды мекенжайын көрсетіп, адвокаттар алқасына мүше болып кірген, сондай-ақ шығарылу себептерін көрсете отырып, адвокаттар алқасына мүшеліктен шығарылған лицензиаттар туралы мәліметтердің лицензиарға, Республикалық адвокаттар алқасына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

5) адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді қоса алғанда, адвокаттар алқасының қызметі туралы есептің Республикалық адвокаттар алқасына ұсынылуын қамтамасыз етеді;

6) адвокаттар көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу туралы жиынтық есептің аумақтық әділет органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді;

7) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етеді;

8) адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Адвокаттар алқасының төралқасы төрағасының басқа да өкілеттіктері адвокаттар алқасының жарғысында айқындалады.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

57-бап. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы

1. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мен оның органдарының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын адвокаттар алқасының органы болып табылады.

2. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің қатарынан құрылуы мүмкін. Ревизиялық комиссияның мүшелері адвокаттар алқасында өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес.

Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде, өтеусіз жүзеге асырады.

3. Адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) төрт жылдан аспайтын мерзімге сайланады және алқаның жоғары басқару органына есеп береді.

Дәл сол бір адам адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.

4. Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының кез келген уақытта адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқығы бар. Адвокаттар алқасының органдары адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша тексеруге қажетті құжаттарды ұсынуға және ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

5. Ревизиялық комиссия адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепке міндетті түрде тексеру жүргізеді және оның нәтижелерін адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурстарында орналастырады.

6. Ревизиялық комиссия адвокаттар алқасы мүшелерінің кезекті жалпы жиналысына (конференциясына) есеп ұсынады.

7. Адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының жұмыс тәртібі, есеп ұсыну мерзімділігі адвокаттар алқасының жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалады.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңмен.

58-бап. Адвокаттар алқасына мүшелік

1. Адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады.

Кіру жарналарына тыйым салынады.

Осы Заңның 32-бабының 2-тармағында көзделген мән-жайлардың бірінің анықталуы адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

2. Адам адвокаттар алқасынан шығарылып, бірақ адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясын сақтап қалған жағдайда, ол шығарылған күннен

бастап кемінде алты ай өткеннен кейін адвокаттар алқасына қайта қабылдануы мүмкін. Бұл кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

58-1-бап. Адвокаттар тізілімі

1. Республикалық адвокаттар алқасы заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінде адвокаттар тізілімін қалыптастырады.

2. Адвокаттар тізілімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның туған күні;

2) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның нөмірі мен берілген күні;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың адвокаттар алқасына мүше болу күні;

4) адвокаттық қызмет ұйымының адвокат таңдаған нысаны, заңды мекенжайы, байланыс телефондарының нөмірлері;

5) адвокатқа қатысты тәртіптік жазалау шараларының болуы немесе болмауы;

6) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру күні мен негіздері;

7) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату күні мен негіздері;

8) адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтата тұру не тоқтату күні мен негіздері.

3. Адвокат Республикалық адвокаттар алқасын адвокаттар тізілімінде қамтылған ақпаратты өзгертуге алып келетін кез келген оқиғалардың басталғаны туралы жазбаша нысанда немесе электрондық құжат жіберу арқылы осындай оқиғалар басталған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті.

4. Қазақстан Республикасының заңдарында қол жеткізу шектелген мәліметтерді қоспағанда, адвокаттар тізілімінде қамтылған ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады.

Ескерту. 58-1-баппен толықтырылды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

59-бап. Адвокаттың анты

1. Адвокаттар алқасына мүшелікке кірген лицензиат Республикалық адвокаттар алқасы белгілеген тәртіппен мынадай мазмұнда ант береді:

"Мен, (аты және тегі), заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін сақтауға, адам құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін адал және шынайы ниетпен қорғауға, заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүктелген міндеттерді орындауға салтанатты түрде ант етемін."

2. Лицензиат ант мәтініне қол қояды, ол адвокаттың жеке ісінде сақталады.

3. Адвокаттар алқасы адвокаттар алқасы мүшелерінің тізімін жүргізеді және оны жаңартылған күйде адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырады.

Адвокаттар алқасы адвокат мәртебесін алу, тоқтата тұру және тоқтату туралы ақпаратты Республикалық адвокаттар алқасына жібереді.

60-бап. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтату

1. Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттың адвокаттар алқасына мүшелігін мынадай:

1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы тоқтатылған немесе одан айырылған;

2) адвокат өз міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, адвокаттар алқасының жарғысында бекітілген заң көмегін көрсету қағидаттарын, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін өрескел не бірнеше рет бұзған;

3) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіптік міндеттерін орындай алмайтыны анықталған;

4) мүшелік жарналарды жүйелі түрде төлемеген;

5) коммерциялық ұйымның байқаушы кеңесінің құрамына кіру, дауды шешу үшін тиісті төреліктің төрешісі болып сайлану немесе тағайындалу, сондай-ақ оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметпен айналысу жағдайларын қоспағанда, адвокат кәсіптік қызметпен қатар кәсіпкерлік немесе өзге ақы төленетін қызметпен де айналысқан;

6) өз еркі бойынша;

7) адвокат қайтыс болған жағдайларда;

8) алқаның жарғысында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатады.

2. Адвокатты адвокаттар алқасынан осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша шығару адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуға алып келеді.

3. Адвокаттар алқасына мүшелікті тоқтатуға адвокаттар алқасының төралқасы қаулысының көшірмесі адвокатқа табыс етілген күннен бастап бір ай мерзімде Республикалық адвокаттар алқасына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

61-бап. Адвокаттар алқасы мүшесінің құқықтары мен міндеттері

1. Адвокаттар алқасы мүшесінің:

1) адвокаттар алқасы, оның органдары мен лауазымды адамдары тарапынан берілетін жәрдемді, кәсіптік көмек пен қорғауды пайдалануға;

2) адвокаттар алқасының және Республикалық адвокаттар алқасының органдарына сайлауға және сайлануға;

3) адвокаттар алқасы органдарының алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге,

шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасының органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдар ұсынуын талап етуге;

4) өзінің қызметін немесе мінез-құлқын адвокаттар алқасының органдары тексерген және талқылаған барлық жағдайларда оған жеке өзі қатысуға;

5) адвокаттар алқасының жарғысында айқындалған тәртіппен және шарттарда оның мүлкін пайдалануға;

б) адвокаттар алқасының құрамынан өз еркімен шығуға құқығы бар.

2. Адвокаттар алқасының мүшесі:

1) адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын сақтауға;

2) адвокаттар алқасы мүшелері жалпы жиналысының (конференциясының), Республикалық адвокаттар алқасының және олардың органдарының шешімдерін орындауға;

3) мүшелік және нысаналы жарналар төлеуге;

4) адвокаттар алқасының төралқасына көрсетілген заң көмегі туралы статистикалық мәліметтер ұсынуға;

5) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) өзгерген жағдайда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда лицензиарға адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге;

б) адвокаттар алқасының төралқасына өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлауға;

7) адвокаттар алқасының төралқасына жеке және заңды тұлғалардың өзі көрсеткен заң көмегінің сапасына берген жолданымдары бойынша тексеру үшін қажетті материалдарды ұсынуға міндетті.

3. Адвокаттар алқасының мүшесі адвокаттар алқасының алдында, мүшелік және нысаналы жарналарды төлеу міндеттемесінен басқа, өзге біржақты мүліктік міндеттемелер жүктей алмайды.

4. Адвокаттар алқасының мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттері бойынша тең болады.

Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

62-бап. Заң консультациясы

1. Азаматтардың заң көмегіне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады.

2. Заң консультациясы адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады. Оның өз атауы және тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі көрсетілген мөрі, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыруға қажетті өзге атрибутикасы

болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын Ереже негізінде жұмыс істейді.

3. Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар алқасының төралқасы айқындайды.

4. Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын меңгеруші басқарады.

63-бап. Адвокаттық кеңсе

1. Адвокаттық кеңсе коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Адвокаттық кеңсе адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында құрылады (жасалады).

3. Адвокаттық кеңсені адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) құрады (жасайды). Адвокат тек бір ғана адвокаттық кеңсенің әріптесі бола алады.

4. Адвокаттық кеңсенің әріптестері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал адвокаттық кеңсе өз әріптестерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 18.07.2025 № 215-VIII (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Адвокаттық кеңсе Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес адвокаттардың адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты алған кірістері бойынша олардың салық агенті, сондай-ақ клиенттермен және үшінші тұлғалармен есеп айырысу бойынша және адвокаттық кеңсенің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да мәселелер бойынша олардың өкілдері болып әрекет ете алады.

6. Адвокаттық кеңсе құрған (жасаған) адвокаттар өздерінің арасында қарапайым жазбаша нысанда әріптестік шарт жасасады. Әріптестік шарт бойынша адвокаттар барлық әріптестердің атынан заң көмегін көрсету үшін өз күш-жігерін біріктіруге міндеттенеді. Әріптестік шарт адвокаттық кеңсені мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылмайды.

7. Егер әріптестік шартта өзгеше белгіленбесе, адвокаттық кеңсенің жалпы істерін жүргізуді басқарушы әріптес жүзеге асырады. Заң көмегін көрсету туралы шартты адвокаттық кеңсе өз атынан, соған кіретін барлық әріптестердің тапсырмасы бойынша, солардың есебінен және мүдделерінде жасасады.

8. Бір адвокат құрған (жасаған) адвокаттық кеңсе өз қызметін жарғы негізінде жүзеге асырады.

9. Адвокаттық кеңсенің адвокаты адвокаттық кеңсе мемлекеттік тіркелгеннен және (немесе) оған қабылданғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасын жазбаша хабардар етуге және адвокаттық кеңсенің әріптестік құжаттарын оның иелігіне ұсынуға міндетті.

10. Адвокаттық кеңселердің әріптестері салым ретінде енгізген мүлік адвокаттық кеңсеге меншік құқығында тиесілі болады.

11. Адвокаттық кеңсе әріптестерінің құрамын өзгерту:

1) әріптестің шығуы;

2) жаңа әріптесті қабылдау;

3) әріптестің адвокаттық қызметті осы Заңда көзделген негіздер бойынша тоқтатуы салдарынан жүзеге асырылуы мүмкін.

12. Адвокаттық кеңсенің әріптестері:

1) егер адвокаттық кеңсенің жарғысында өзгеше көзделмесе, адвокаттық кеңседен шыққан не адвокаттық қызметті тоқтатқан кезде өздері адвокаттық кеңсенің меншігіне берген мүлік құны шегінде адвокаттық кеңсе мүлкінің бір бөлігін немесе осы мүліктің құнын алуға;

2) адвокаттық кеңсе таратылған жағдайда, оның кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлкінің бір бөлігін өздері адвокаттық кеңсенің меншігіне берген мүлік құны шегінде алуға құқылы.

13. Адвокаттық кеңселерді құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

64-бап. Адвокаттық қызметті жеке-дара жүзеге асыру

1. Кәсіптік қызметті жеке-дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), оның тұрақты тұрған жері көрсетіледі.

2. Кәсіптік қызметті заңды тұлға құрмастан, жеке-дара жүзеге асыратын адвокат банктерде есеп айырысу шоттары мен өзге де шоттарға, жеке мөрге, мөртабандарға, жеке бланкілерге ие болуға құқылы.

65-бап. Республикалық адвокаттар алқасы

1. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқаларының міндетті мүшелігіне негізделген, коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіптік, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттық өзін-өзі басқару ұйымы ретінде Қазақстан Республикасындағы және оның шегінен тыс жердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда адвокаттар алқалары мен адвокаттардың мүдделерін білдіру және қорғау, адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіру, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

3. Республикалық адвокаттар алқасын Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы құрады.

4. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысын Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы қабылдайды.

5. Республикалық адвокаттар алқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге жатады.

6. Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Республикалық адвокаттар алқасы мен оның органдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері адвокаттар алқалары мен адвокаттар үшін міндетті.

8. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар тізілімін жаңартылған күйде жүргізеді.

9. Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), адвокаттар алқаларының басқару органдарының шешімдеріне шағымдарды осы Заңға сәйкес қарайды.

10. Жарғыда көзделген жағдайларда, Республикалық адвокаттар алқасында Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін әдеп жөніндегі комиссия мен басқа да органдар құрылуы мүмкін.

Ескерту. 65-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

66-бап. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысы

1. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында:

- 1) Республикалық адвокаттар алқасының атауы, қызмет нысанасы мен мақсаттары;
- 2) Республикалық адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 3) Республикалық адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарын қалыптастыру тәртібі мен олардың құзыреті;
- 4) мүлікті түзу көздері және оған билік ету тәртібі;
- 5) адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдардың мөлшері мен тәртібі;
- 6) Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі көзделуге тиіс.

2. Республикалық алқаның жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де ережелер қамтылуы мүмкін.

Ескерту. 66-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

67-бап. Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы

1. Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы Республикалық адвокаттар алқасының жоғары органы болып табылады, ол екі жылда кемінде бір рет шақырылады. Егер конференцияның жұмысына Республикалық адвокаттар алқасы

мүшелерінің төрттен үшінен кем емес делегаттар қатысқан болса, ол құқықты болып есептеледі.

2. Конференция Республикалық адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

Конференцияның айрықша құзыретіне:

1) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысын қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының орналасатын жерін айқындау;

3) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының мүшелерін лауазымға сайлау және одан босату;

4) Республикалық адвокаттар алқасының төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;

5) Республикалық адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері мен төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;

6) адвокатураның тәртіптік комиссиясының мүшелері мен төрағасын лауазымға сайлау және одан босату;

7) Республикалық конференцияда адвокаттар алқаларынан делегаттардың өкілдік ету нормаларын бекіту;

8) Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

9) Адвокаттарға аттестаттау жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту;

10) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

11) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

12) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

15) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

16) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібін бекіту;

19) адвокаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы мінез-құлық қағидаларын бекіту;

20) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

21) алып тасталды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

22) тармақшаның қолданысы 01.01.2026 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады – ҚР 09.06.2021 № 49-VII Заңымен.

22) адвокаттар алқалары Республикалық адвокаттар алқасының жалпы мұқтаждықтарына аударатын ай сайынғы жарналардың мөлшері мен жүзеге асырылу тәртібін айқындау жатады, бұл ретте жарналардың мөлшері әрбір адвокат үшін есептелуге және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген кемінде бір айлық есептік көрсеткішті құрауға тиіс.

Адвокат "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес адвокаттар алқасына мүшелік жарна төлеуден босатылған жағдайда, ол үшін Республикалық адвокаттар алқасына ай сайынғы жарнаның мөлшері есептелмейді. Адвокат "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде жарна төлеген кезде, ол үшін Республикалық адвокаттар алқасына ай сайынғы жарнаның мөлшері белгіленген жарнаның елу пайызы мөлшерінде есептеледі;

23) Республикалық адвокаттар алқасын ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту ;

24) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының есебін, оның ішінде Республикалық адвокаттар алқасын ұстауға арналған шығыстар сметасының атқарылуы туралы есебін бекіту;

25) ревизиялық комиссияның Республикалық адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есебін бекіту;

26) конференцияның регламентін бекіту;

27) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады .

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

68-бап. Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы

1. Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы Республикалық адвокаттар алқасының алқалы атқарушы органы болып табылады.

2. Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жылға сайланады және әрбір адвокаттар алқасынан адвокаттардың тең санынан тұрады.

Сол бір адам Республикалық адвокаттар алқасының төралқасында бір мерзімнен артық бола алмайды.

3. Төралқа:

- 1) Республикалық адвокаттар алқасының жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- 3) конференциялардың арасындағы кезеңде төралқаның және ревизиялық комиссияның осы Заңда көзделген негіздер бойынша адвокаттар алқаларының мүшелігінен шығарылған мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімдер қабылдайды;
- 4) осы Заңның 67-бабына сәйкес Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының бекітуіне жататын құжаттарды әзірлейді;
- 5) адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіреді;
- 6) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша, адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады;
- 7) адвокаттардың кәсіптік деңгейін көтеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, адвокаттарды кәсіптік даярлаудың бірыңғай әдістемесін әзірлейді;
- 8) адвокаттардың әлеуметтік және кәсіптік құқықтарын қорғайды;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен адвокаттық қызметке қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізуге қатысады;
- 10) адвокаттар алқаларының өз қызметі туралы есептерін тоқсан сайын қорытады;
- 11) адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 12) адвокаттар алқаларын ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 13) жыл сайын мониторинг нәтижелері бойынша алқалар адвокаттары көрсететін қызметтердің орташа құнын (көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша) айқындайды және осы ақпараттың Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырылуын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді;
- 14) Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурсында:
 - жаңартылған күйде адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттардың тізімін, сондай-ақ аумақтық адвокаттар алқалары адвокаттарының тізімін;
 - Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметке және заң көмегіне қатысты нормативтік құқықтық актілерін;
 - Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексін;

заң көмегін көрсету стандарттарын;
заң көмегі сапасының өлшемшарттарын;
біліктілікті арттыру стандарттарын;

Республикалық адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есепті;

адвокаттар алқалары және Республикалық адвокаттар алқасы төралқаларының құрамдары туралы мәліметтерді;

кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету туралы мәліметтерді;
адвокатураның тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелерін;
адвокатураның іс-шаралары мен оқиғаларын;

және Республикалық адвокаттар алқасының қызметі туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады.

Республикалық адвокаттар алқасы адвокаттар алқалары мүшелерінің ақпарат алу тәсілдерін көздеуге тиіс;

15) екі жылда кемінде бір рет Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясын шақырады, оның күн тәртібін қалыптастырады;

16) Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес өз құзыреті шегінде билік етеді;

17) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының регламентін бекітеді;

18) Республикалық адвокаттар алқасының эмблемасын бекітеді;

18-1) заң көмегін көрсету стандарттарын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-2) заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-3) адвокаттық мантияның нысаны мен сипаттамасын бекітеді;

18-4) адвокат куәлігінің нысанын және оны толтыру тәртібін әзірлейді және бекітеді ;

18-5) адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-6) адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарын уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-7) адвокаттардың біліктілігін арттыру тәртібін бекітеді;

18-8) адвокаттық сұрау салудың нысанын, оны ресімдеу және жіберу тәртібін уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;

18-9) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені бекітеді;

18-10) адвокатураның тәртіптік комиссиясы туралы ережені бекітеді;

18-11) адвокаттар үшін олардың қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға)

және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

18-12) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын осындай ақпарат бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан адвокаттардың қызметіне талдауды және мониторингіті өз құзыреті шегінде жүргізеді, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

19) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Ревизиялық комиссияның немесе адвокаттар алқалары жалпы санының кемінде үштен бірінің талап етуі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының төралқасы екі ай ішінде кезектен тыс Республикалық конференцияны шақыруға міндетті.

5. Төралқаның шешімдері оның отырысына қатысып отырған мүшелері жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

Ескерту. 68-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2022 № 131-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

69-бап. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы

1. Кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокат Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы болып сайлана алады. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады.

Дәл сол бір адам Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы лауазымын бір мерзімнен артық атқара алмайды.

2. Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы:

1) мемлекеттік және өзге де ұйымдарда, сондай-ақ жеке тұлғалармен қарым-қатынаста Республикалық адвокаттар алқасының атынан өкілдік етеді;

2) Республикалық адвокаттар алқасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) Республикалық адвокаттар алқасының атынан мәмілелер жасасады және Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының шешімі бойынша Республикалық адвокаттар алқасының мүлкіне сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес билік етеді;

5) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының отырыстарын шақырады;

6) Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының шешімдері мен Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

70-бап. Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы

1. Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы Республикалық адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын және Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясына есеп беретін органы болып табылады.

2. Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы адвокаттар алқаларының мүшелері қатарынан құрылуы мүмкін. Республикалық адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері Республикалық адвокаттар алқасында өзге сайланбалы лауазымды атқаруға құқылы емес.

Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы бес адамнан аспайтын құрамда құрылады.

Республикалық адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының мүшелері өз қызметін ерікті негіздерде, өтеусіз жүзеге асырады.

3. Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясын Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы төрт жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

Дәл сол бір адам Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясының құрамында бір мерзімнен артық бола алмайды.

4. Республикалық адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының кез келген уақытта Республикалық адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқығы бар және осы мақсатта ол Республикалық адвокаттар алқасы органдарының бүкіл құжаттамасына қол жеткізу құқығына ие болады. Республикалық адвокаттар алқасы органдарының мүшелері Республикалық адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсініктер беруге міндетті.

5. Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы Республикалық адвокаттар алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепке міндетті түрде тексеру жүргізеді және оның нәтижелерін Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырады.

6. Республикалық адвокаттар алқасының ревизиялық комиссиясы Адвокаттар алқалары республикалық конференциясының кезекті жиналысына есеп ұсынады.

7. Республикалық адвокаттар алқасы ревизиялық комиссиясының жұмыс тәртібі, есеп ұсыну мерзімділігі Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалады.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

71-бап. Республикалық адвокаттар алқасының мүлкі

1. Республикалық адвокаттар алқасының мүлкі адвокаттар алқалары жүзеге асыратын жарналар, гранттар және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан түсетін қайырымдылық көмек, қайырмалдықтар есебінен қалыптастырылады.

2. Республикалық адвокаттар алқасының жалпы мұқтаждарына арналған шығындарға оны материалдық қамтамасыз етуге, адвокаттарға сыйақы беруге арналған шығыстар және олардың Республикалық адвокаттар алқасының органдарында жұмыс істеуіне байланысты шығыстардың өтемақысы, Республикалық адвокаттар алқасы аппараты жұмыскерлерінің жалақысына жұмсалатын шығыстар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Республикалық адвокаттар алқасының сметасында көзделген өзге шығыстар жатады.

72-бап. Адвокаттардың тәртіптік жауаптылығы

1. Адвокатты тәртіптік жауаптылыққа тартуды адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) сайлайтын және оған есеп беретін, адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы шешімдерінің міндетті сипаты болады.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының құрамына адвокаттар алқасының ұсынуы бойынша кемінде бес жыл адвокаттық практика өтілі бар алты адвокат, әділет органдары ұсынған жұртшылықтың үш өкілі, отставкадағы екі судья енгізіледі.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады.

Дәл сол бір адам адвокаттардың тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені және тәртіптік жауаптылыққа тарту рәсімін Республикалық адвокаттар алқасы белгілейді.

Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

2. Тәртіптік істі адвокаттардың тәртіптік комиссиясы бұзушылық анықталған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде қарайды. Тәртіптік іс жүргізу адвокат еңбекке уақытша жарамсыз болған және ол іссапарда болған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін. Тоқтата тұру мерзімі тәртіптік істі қараудың жалпы мерзіміне қосылмайды.

3. Тәртіптік істі қарау кезінде адвокаттардың тәртіптік комиссиясы өзінің отырыстарына шағымдар жолдаған тұлғаларды, сондай-ақ адвокаттар алқасының өздеріне қатысты шағымдар қаралатын мүшелерін шақыруға міндетті.

Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оның міндетті түрде қаралуы әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген көрсетілген тұлғалардың келмеуі тәртіптік іс жүргізуді қарауға кедергі болмайды.

4. Адвокаттың осы Заңның, Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Адвокаттардың кәсіптік әдеп кодексінің, адвокаттар алқасы жарғысының талаптарын, Республикалық адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқаларының шешімдерін бұзғанын көрсететін жеткілікті негіздердің болуы тәртіптік іс жүргізуді қозғауға негіз болып табылады.

5. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокатқа мынадай тәртіптік жазалау шараларын қолдануға құқылы:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) осы Заңның 60-бабында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен адвокаттар алқасынан шығару.

6. Адвокаттың тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тек бір тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік жаза ол анықталған күннен бастап бір айдан аспайтын, бірақ ол жасалған күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде қолданылуы мүмкін.

Тәртіптік істі қарау нәтижелері бойынша тәртіптік комиссия адвокаттар алқасының мүшесін анықталған бұзушылықтарды жоюға міндеттейтін және оларды жою мерзімдерін белгілейтін нұсқама шығара алады.

7. Осы баптың 5-тармағында көзделген шешімдер адвокаттардың тәртіптік комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Егер адвокаттардың тәртіптік комиссиясының отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан болса, ол құқықты болып есептеледі.

8. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқасының мүшесіне қатысты тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде адвокаттар алқасы осы шешімнің көшірмесін оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, адвокаттар алқасының мүшесіне, сондай-ақ шешім қабылданған шағымды жолдаған адамға жібереді.

9. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешіміне осы шешім жария етілген кезден бастап үш ай ішінде адвокатураның тәртіптік комиссиясында немесе сотта дау айтылуы мүмкін.

10. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелері адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

73-бап. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы

1. Адвокаттар алқалары басқару органдарының мүшелерін, Республикалық адвокаттар алқасы басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауаптылыққа тартуды адвокатураның тәртіптік комиссиясы жүзеге асырады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясы адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімдеріне шағымдарды да қарайды, тәртіптік практиканы қорытады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясы Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясы сайлайтын және оған есеп беретін, Республикалық адвокаттар алқасының тәуелсіз органы болып табылады. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы шешімдерінің міндетті сипаты болады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының құрамына Республикалық адвокаттар алқасының ұсынуы бойынша кемінде бес жыл адвокаттық практика өтілі бар алты адвокат, уәкілетті орган ұсынған жұртшылықтың үш өкілі, отставкадағы екі судья енгізіледі.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады.

Дәл сол бір адам адвокатураның тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық бола алмайды.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі төрт жылды құрайды.

2. Адвокаттар алқалары басқару органдарының мүшелерін, Республикалық адвокаттар алқасы басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауаптылыққа тарту осы Заңның 72-бабында белгіленген қағидалар бойынша жүргізіледі.

3. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы адвокаттар алқалары басқару органдарының мүшелеріне, Республикалық адвокаттар алқасы басқару органдарының мүшелеріне мынадай тәртіптік жазалау шараларын қолдануға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс.

4. Егер істі қарау нәтижелері бойынша тәртіптік комиссия жауаптылыққа тартылып жатқан адамды адвокаттар алқасынан шығаруға негіздер бар екенін анықтаған жағдайда, ол тиісті адвокаттар алқасына адвокаттың алқадағы мүшелігін тоқтату туралы мәселені қарауды тапсырады.

Адвокаттар алқасының мүшені алқадан шығару туралы шешіміне адвокаттар алқасының төралқасы қаулысының көшірмесі адвокатқа табыс етілген күннен бастап бір ай мерзімде сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5. Адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымды қарау нәтижелері бойынша адвокатураның тәртіптік комиссиясының:

1) шағымды – қанағаттандырусыз, ал адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімін өзгеріссіз қалдыруға;

2) адвокаттардың тәртіптік комиссиясының шешімін өзгертуге;

3) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы шешімінің күшін жоюға және жаңа шешім қабылдауға;

4) істі адвокаттардың тиісті тәртіптік комиссиясына жаңадан қарауға жіберуге және адвокаттардың тәртіптік комиссиясын белгілі бір әрекеттер жасауға міндеттеуге құқығы бар.

Егер адвокатураның тәртіптік комиссиясының отырысына оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан болса, ол құқықты болып есептеледі.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы, отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының шешіміне сотта дау айтылуы мүмкін.

6. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы жұмысының нәтижелері Республикалық адвокаттар алқасының интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

74-бап. Адвокаттар алқасының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), оның басқару органдарының шешімдеріне шағым жасау

Адам өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін адвокаттар алқасының әрекеттері (әрекетсіздігі) және (немесе) оның басқару органдарының шешімдері бұзған жағдайда, мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) және (немесе) шешімдерге Республикалық адвокаттар алқасында немесе сотта дау айтуға құқылы.

4-БӨЛІМ. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУІ

5-тарау. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

75-бап. Заң консультанты

1. Жоғары заң білімі бар, заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, заң консультанттары палатасының мүшесі болып табылатын және заң көмегін көрсететін жеке тұлға заң консультанты болып табылады.

2. Заң консультанты заң көмегін дара кәсіпкерлік түрінде жеке практикамен айналыса отырып не дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеусіз, сондай-ақ заңды тұлғамен еңбек шарты негізінде өзі дербес көрсете алады.

76-бап. Заң консультантының құқықтары мен міндеттері

1. Заң консультанты көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаға ол мұқтаж болып отырған кез келген заң көмегін Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда көрсетуге құқылы.

2. Заң консультанты өзіне өтініш жасаған тұлғамен өзінің атынан заң көмегін көрсету туралы жазбаша шарт жасасады.

Заңды тұлғамен еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін заң консультанты заң көмегін көрсеткен жағдайда, клиентке заң көмегін көрсету туралы жазбаша шартты заңды тұлға жасасады.

3. Заң консультанты өкіл ретінде әрекет ете отырып:

1) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен заңды тұлғалардан заң көмегін көрсетуге қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде , заң көмегін көрсетуге қажетті нақты деректерді өзі дербес жинауға, сондай-ақ оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсынуға;

4) процестік құжаттарды, сот істерін қоса алғанда, заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғаға қатысты материалдармен танысуға және оларда қамтылған ақпаратты заңдарда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен тіркеп алуға;

5) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер саласында және басқа да қызмет салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

6) мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің көмек сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтарына және заңмен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) өтінішхаттар мәлімдеуге, белгіленген тәртіппен шағымдар келтіруге;

7) заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңмен тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

8) татуластыру рәсімдерін жүргізуге;

9) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттер жасауға құқықты.

4. Заң консультанты:

1) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауға;

2) өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасы белгілеген Кәсіптік әдеп кодексінің қағидаларын сақтауға, сондай-ақ осы Заңда белгіленген жарналарды төлеуге;

3) кәсіптік қызметте заң көмегін көрсету қағидаттарын басшылыққа алуға;

4) соттарда тұлғалардың мүдделерін білдіру түрінде заң көмегін көрсету үшін заң консультанттары палаталарының бірінің мүшесі болуға;

5) клиентке заң көмегін көрсетуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан өзінің заң көмегін көрсетуге қатыса алмайтыны туралы хабарлауға;

6) заң көмегін көрсету кезінде клиенттен және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;

7) клиентке заң консультанттары палатасына мүшелігі туралы ақпарат беруге;

8) клиенттің талап етуі бойынша заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесін ұсынуға;

9) клиенттің талап етуі бойынша, өзі мүшесі болып табылатын заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінен үзінді-көшірме ұсынуға;

10) егер клиент бұған қарсы болмаса, клиентпен құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасуға;

11) клиенттің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нақты мән-жайларды анықтау бойынша заңда тыйым салынбаған кез келген әрекеттерді орындауға;

12) заң көмегін көрсету кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелерін заң көмегін көрсету аяқталған күнінен бастап үш жыл бойы қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық құжаттар нысанында клиенттің талап етуі бойынша сақтауға;

13) өзінің біліктілігін ұдайы арттырып отыруға;

14) кәсіптік жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

5. Егер заң консультанты заңды тұлғамен еңбек қатынастарында тұрған жағдайда, осы баптың 4-тармағының 5), 6), 8), 10) және 12) тармақшаларында көзделген міндеттер осы заңды тұлғаға жүктеледі.

6. Заң консультантының іс бойынша көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық ұстанымда болуына, өз өкілеттіктерін өзі мүддесін білдіретін тұлғаға нұқсан келтіре отырып пайдалануына тыйым салынады.

7. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда, заң консультантының заң көмегін көрсетуіне тыйым салынады.

Заң консультанты, егер:

клиент пен заң консультантының, оның жақын туыстарының мүдделер қақтығысы болса, сондай-ақ мүдделер қақтығысын құрайтын басқа да мән-жайлар болған кезде;

Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында көзделген негіздер болса, заң көмегін көрсетуден бас тартуға міндетті.

76-1-бап. Заң консультанты қызметінің кепілдіктері

1. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа, заң консультантының құқықтары шектелмеуге тиіс. Заң консультантының заңды қызметіне араласу не кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа алып келеді.

2. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және заңды тұлғалар заң консультантының заң көмегін көрсетуіне байланысты сұрау салуына он жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге міндетті.

Егер ақпарат қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылған жағдайда, заң консультантына сұрау салынған мәліметтерді беруден бас тартылуы мүмкін.

3. Заң консультантының қабылданған тапсырманы орындау кезінде сотта және басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдарда заң көмегін көрсетуге қажетті компьютерлерді, смартфондарды және өзге де техникалық құралдарды Қазақстан Республикасының процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға құқығы бар.

Ескерту. 76-1-баппен толықтырылды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

77-бап. Заң консультантының қызметін сақтандыру

1. Заң консультанты шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

Заң консультанты кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру шарты болмаған кезде заң көмегін көрсетуге кірісуге құқылы емес.

Егер заң консультанты заңды тұлғамен еңбек қатынастарында тұрған жағдайда, заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндет осы заңды тұлғаға жүктеледі.

2. Сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға қызметті жүзеге асыру нәтижесінде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне сақтандырылған тұлғаның заң көмегін көрсету кезінде жол берген кәсіптік қателіктері салдарынан келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

Осы тараудың мақсаттары үшін кәсіптік қателіктер деп мыналар:

- 1) процестік мерзімдерді өткізіп алу;
- 2) құжаттарды дұрыс рәсімдемеу;
- 3) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаға өзіне зиян келтіруге алып келген, жасалатын заңдық әрекеттердің салдары туралы хабарламау;
- 4) сақтанушы (сақтандырылған тұлға) заң көмегін көрсету үшін клиенттен алған құжаттардың жоғалуы немесе бүлінуі;

5) сақтандырылған тұлғаның заң көмегін көрсету процесінде өзіне мәлім болған мәліметтерді құқыққа сыйымсыз жария етуі түсініледі.

Заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартында сақтандырылған тұлғаның осындай көмек көрсетуі нәтижесінде шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне зиян келтіруге алып келген өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) айқындалуы мүмкін.

4. Егер шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген зиян сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) кәсіптік міндеттерді абайсыз бұзуының салдары болып табылса, сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі.

5. Заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның талаптарымен айқындалады және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қызметін жүзеге асыратын заң консультанттары үшін – заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты жасалған күнге тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде бір мың еселенген, өзге заң консультанттары үшін – кемінде бес жүз еселенген мөлшерін құрауға тиіс.

Заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың тәртібі мен өзге де талаптары заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарты негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

77-1-бап. Заң консультантының көмекшілері

1. Заң консультанттарының көмекшілері болуы мүмкін.
2. Заң консультантының көмекшілері еңбек шарты негізінде жұмыс істей алады.

Заң консультанттарының көмекшілері заң консультантының нұсқауы бойынша және жауапкершілігімен оның тапсырмаларын орындауға құқылы.

Ескерту. 77-1-баппен толықтырылды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

77-2-бап. Заң консультантының құпиясы

1. Заң консультантына жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғамен және басқа да адамдармен ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның мүддесінде қабылданатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер заң консультантының құпиясын құрайды.

2. Заң консультанттары, олардың көмекшілері, заң консультанттары палаталарының және олардың органдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ заң консультантының мәртебесінен айырылған адам заң көмегін көрсетуге байланысты және (немесе) өзінің кәсіптік қызметін жүзеге асыру нәтижесінде алынған қандай да бір мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүддесінде немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдалануға құқылы емес.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, заң консультантының құпиясына жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған тұлғаның келісуінсіз жария еткені үшін осы баптың 2-тармағында аталған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтер мен ақпарат ұсыну заң консультантының құпиясын жария ету болып табылмайды.

5. Кәсіптік құпияны сақтау міндеті уақытпен шектелмейді.

6. Заң консультанттары, олардың көмекшілері, заң консультанттары палаталарының және олардың органдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ заң консультанты мәртебесінен айырылған адам кәсіптік құпияны сақтау, оның ішінде оны санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

Ескерту. 77-2-баппен толықтырылды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

78-бап. Заң консультанттары палатасы

1. Заң көмегін көрсету жөніндегі қызметті реттеу және өз мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауы бөлігінде олардың қызметін бақылау мақсатында құрылған, заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген, мүшелік шарттарында кемінде екі жүз заң консультантын біріктіретін, міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттейтін ұйым заң консультанттары палатасы болып танылады.

2. Заң консультанттары палатасының қызметі "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ заң консультанттары палатасының жарғысымен, қағидаларымен және стандарттарымен реттеледі.

Ескерту. 78-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

78-1 бап. Республикалық заң консультанттары алқасы

1. Республикалық заң консультанттары алқасы – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінің атынан өкілдік ететін заң консультанттары палаталарының ерікті мүшелігіне негізделген, қызметі мен өкілеттіктері осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында, алқа

жарғысында айқындалатын және өзінің мүшелері болып табылатын заң консультанттары палаталарына қатысты және олардың мүдделерінде жүзеге асырылатын коммерциялық емес ұйым.

Республикалық заң консультанттары алқасын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінің атынан өкілдік ететін заң консультанттары палаталары өкілдерінің құрылтай съезі құрады.

2. Мыналар:

- 1) жоғары басқару органы – заң консультанттары палаталары өкілдерінің съезі;
- 2) тұрақты негізде жұмыс істейтін атқарушы басқару органы – төраға басқаратын басқарма;
- 3) қаржылық-шаруашылық қызметті ішкі бақылау органы – ревизиялық комиссия (ревизор) Республикалық заң консультанттары алқасының басқару органдары болып табылады.

3. Республикалық заң консультанттары алқасы:

- 1) заң консультанттары палаталарының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- 2) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда заң консультанттары палаталарының мүдделерін білдіреді;
- 3) заң көмегі мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады және әдістемелік материалдар әзірлейді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

4. Республикалық заң консультанттары алқасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Бұл ретте дәл сол бір адам алқа төрағасының лауазымын қатарынан екі мерзімнен артық атқара алмайды.

5. Республикалық заң консультанттары алқасы төрағасының өкілеттіктері алқаның жарғысында айқындалады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-тармақтың қолданысы 01.01.2026 дейін тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады – ҚР 09.06.2021 № 49-VII Заңымен.

6. Республикалық заң консультанттары алқасының съезі Республикалық заң консультанттары алқасының жалпы мұқтаждықтарына заң консультанттарының палаталары аударатын ай сайынғы жарналардың мөлшері мен жүзеге асырылу тәртібін айқындайды, бұл ретте жарналардың мөлшері әрбір заң консультанты үшін есептелуге және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген кемінде бір айлық есептік көрсеткішті құрауға тиіс.

Заң консультанты "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабына сәйкес заң консультанттары палатасына мүшелік жарна төлеуден босатылған жағдайда, ол үшін Республикалық заң консультанттары

алқасына жарнаның мөлшері есептелмейді. Заң консультанты "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 88-бабына сәйкес белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде жарна төлеген кезде, ол үшін Республикалық заң консультанттары алқасына ай сайынғы жарнаның мөлшері белгіленген жарнаның елу пайызы мөлшерінде есептеледі.

7. Республикалық заң консультанттары алқасының басқармасы барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпаратты қамтитын, Республикалық заң консультанттары алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепті жасайды және оны Республикалық заң консультанттары алқасының интернет-ресурсында орналастырады.

8. Республикалық заң консультанттары алқасының ревизиялық комиссиясы (ревизоры) Республикалық заң консультанттары алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепті тексеруді жүргізеді және оның нәтижелерін Республикалық заң консультанттары алқасының интернет-ресурсында орналастырады.

Ескерту. 78-1-баппен толықтырылды – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

79-бап. Заң консультанттары палатасының жарғысы

Заң консультанттары палатасының жарғысы палатаның уәкілетті орган бекітетін үлгілік жарғысы негізінде әзірленеді.

80-бап. Заң консультанттары палатасының функциялары

Заң консультанттары палатасы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) кәсіптік мінез-құлық қағидалары мен Кәсіптік әдеп кодексін белгілейді;
 - 2) палата мүшелігіне қабылдау қағидалары мен шарттарын белгілейді;
 - 3) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету стандарттарын, заң көмегі сапасының өлшемшарттарын белгілейді және палата мүшелерінің оларды орындауын қамтамасыз етеді;
 - 4) палата мүшелері беретін деректер негізінде, құпиялылық туралы талаптарды сақтай отырып, палата мүшелері көрсететін заң қызметтерінің алдыңғы кезең үшін қалыптастырылатын орташа құны туралы жиынтық-талдамалық ақпарат соңғы орналастырылған күннен бастап осы ақпараттың жылына кемінде бір рет өзінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етеді;
 - 5) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін белгілейді;
 - 6) палатаның бекітілген стандарттарына сәйкес өз мүшелерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;
 - 7) заң консультанттары палатасының мүшелерін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 7-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда өз мүшелерінің мүдделерін білдіреді;

9) заң консультанттары палатасы мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

9-1) заң консультанттарының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастырады;

10) осы Заңның, Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін заң консультанттары палатасының мүшелерін жауаптылыққа тарту туралы мәселелерді қарайды;

11) орта білімнен кейінгі, жоғары заң білім беру ұйымдары түлектерінің кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

12) практиканы қорытады және заң көмегін одан әрі жетілдіру мен дамыту жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлейді;

13) заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімін жүргізеді;

13-1) заң консультанттары үшін олардың қызметінің ерекшеліктері мен өзіндік ерекшелігін ескере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;

13-2) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және мерзімдерде қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға жыл сайын осындай ақпаратты бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан заң консультанттарының қызметіне талдауды және мониторингіті өз құзыреті шегінде жүргізеді, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қолдану практикасын жинақтап қорытады және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, заң консультанттары палатасының жарғысында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 80-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2022 № 131-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

81-бап. Заң консультанттары палатасының құқықтары мен міндеттері

Заң консультанттары палатасының құқықтары мен міндеттері "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Заң консультанттары палатасы тоқсан сайын уәкілетті органға заң консультанттары палатасына мүшелерді енгізу, мүшелікті тоқтата тұру және мүшеліктен шығару туралы ақпарат беруге міндетті.

82-бап. Заң консультанттары палатасына мүшелік

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету түрінде заң көмегін жүзеге асыратын адамдар үшін заң консультанттары палатасына мүшелік міндетті болып табылады.

Ескерту. 82-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.06.2020 № 351-VI Заңымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

83-бап. Заң консультанттары палатасына мүшелікті алу және тоқтату шарттары мен тәртібі

1. Осы Заңның 75-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келетін, сондай-ақ аттестаттаудан өткен жеке тұлға заң консультанттары палатасының мүшесі бола алады.

Заң консультанттары палатасы палата мүшелеріне қойылатын қосымша талаптарды көздеуі мүмкін.

Аттестаттау Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі.

Заң консультанттары палатасына кіру үшін аттестаттау жүргізу тәртібі мен шарттарын заң консультанттары палатасы уәкілетті органмен келісу бойынша айқындайды.

Осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және заң консультанттары палатасы белгілеген кешенді тестілеудің шекті балын жинаған үміткер аттестаттаудан өткен болып есептеледі.

Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған не заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар адам заң консультанты бола алмайды.

Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар;

2) "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар;

3) Қазақстан Республикасының заң мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар;

4) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар адамдар;

5) теріс себептер бойынша шығарылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан шығарылған адамдар аттестаттаудан өтуден босатылады.

2. Үміткер заң консультанттары палатасына кіру үшін:

1) жоғары заң білімі туралы құжатты;

2) жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығының жоқтығы туралы анықтаманы;

3) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар екенін растайтын құжаттарды;

4) аттестаттау нәтижелерін ұсынады.

Заң консультанты бір мезгілде осы Заңның талаптарына сәйкес келетін бір ғана заң консультанттары палатасының мүшесі бола алады.

3. Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы адамның осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешімді мұндай адамнан өтініш пен қажетті құжаттар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Өзіне қатысты осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылданған адам заң консультанттары палатасына мүшелікке қабылданған болып есептеледі және осындай адам туралы мәліметтер мұндай адам заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын ұсынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізіліміне енгізіледі. Осындай адамға ол туралы мәліметтер заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізіліміне енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде заң консультанттары палатасына толық мүшелігін растайтын құжат беріледі.

4. Адамды заң консультанттары палатасының мүшелігіне қабылдаудан бас тартуға мыналар:

1) адамның осы баптың талаптарына сәйкес келмеуі;

2) адамды Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінен шығару, егер шығарылған күннен бастап үш жылдан аз уақыт өтсе, негіз болып табылады.

Заң консультанттары палатасының заң консультанттары палатасына мүшелікке қабылдаудан бас тарту туралы шешіміне уәкілетті органға шағым жасалуы мүмкін.

Дау реттелмеген кезде, уәкілетті органның шешіміне сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5. Заң консультанттары палатасына мүшелікті заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы:

1) заң консультанттары палатасына мүшеліктен шығу туралы заң консультантының өтініші негізінде;

2) жарғыда көзделген негіздер бойынша тоқтатады.

6. Адамның заң консультанттары палатасына мүшелігі көрсетілген палатаға оған қатысты шағым түскен жағдайда, егер заң консультанттары палатасының мүшесіне қатысты тексеру жүргізілсе немесе тәртіптік ықпал ету шарасын қолдану туралы іс қаралып жатса – тексеру аяқталғанға дейін, ал бұзушылықтар анықталған жағдайда тәртіптік комиссия бұзушылық және тәртіптік жазалау шарасын қолдану туралы істі қарап біткенге дейін тоқтатылмайды.

7. Заң консультанттары палатасы мүшесінің қайтыс болғанын растайтын ақпарат заң консультанттары палатасына келіп түскен жағдайда, заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізіліміне заң консультанттары палатасына мүшелікті тоқтату туралы жазба енгізіледі.

8. Өзіне қатысты заң консультанттары палатасына мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылданған адам өз клиенттерін заң консультанттары палатасына өз мүшелігінің тоқтатылу фактісі туралы хабардар етуге міндетті.

9. Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы заң консультантының заң консультанттары палатасына мүшелігін тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен кешіктірмей, заң консультанттары палатасы осындай шешімді заң консультанттары палатасының интернет-ресурсында орналастыруға, сондай-ақ осындай шешімнің көшірмесін:

1) өзіне қатысты заң консультанттары палатасында мүшелікті тоқтату туралы шешім қабылданған адамға;

2) егер адамды заң консультанттары палатасына мүшеліктен шығару оның Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегін көрсету туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғанына байланысты болса, заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген барлық өзін-өзі реттейтін ұйымдарға;

3) уәкілетті органға жіберуге міндетті.

84-бап. Заң консультанттары палатасының басқару органдары

Мыналар:

1) заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы;

2) алқалы басқару органы;

3) атқарушы басқару органы;

4) бақылау органы (ревизиялық комиссия) заң консультанттары палатасының басқару органдары болып табылады.

Заң консультанттары палатасында "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен мамандандырылған органдар құрылуы мүмкін.

85-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы

1. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы заң консультанттары палатасының жоғары басқару органы болып табылады.

2. Заң консультанттары палатасы мүшелері жалпы жиналысының құзыреті және оның қызмет ету тәртібі "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалады.

Заң консультанттары палатасының жарғысында заң консультанттары палатасы мүшелері жалпы жиналысының өзге өкілеттіктері де көзделуі мүмкін.

86-бап. Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы мен атқарушы басқару органы

Заң консультанттары палатасының алқалы басқару органы мен атқарушы басқару органының құзыреті, құрылу және қызмет ету тәртібі "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, және заң консультанттары палатасының жарғысында айқындалады.

86-1-бап. Заң консультанты көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу

1. Заң консультанты көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. Заң консультанты көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Заң консультанты көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібі уәкілетті орган бекітетін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, заң консультанты көрсететін мемлекет кепілдік берген заң көмегіне, іссапар, көлік шығыстарына ақы төлеу және оның құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге байланысты басқа да шығыстарын өтеу соттардың ұйғарымдары бойынша жүргізіледі.

Ескерту. Заң 86-1-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

87-бап. Заң консультанттары палатасының ревизиялық комиссиясы

1. Заң консультанттары палатасының ревизиялық комиссиясы заң консультанттары палатасының қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын заң консультанттары палатасының органы болып табылады.

2. Ревизиялық комиссия заң консультанттары палатасының мүшелері қатарынан құрылуы мүмкін. Заң консультанттары палатасының алқалы және атқарушы басқару органдарының мүшелері ревизиялық комиссияның құрамына кіре алмайды.

Ревизиялық комиссияның құзыреті және қызмет ету тәртібі "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және заң консультанттары палатасының жарғысында айқындалады.

88-бап. Заң консультанттары палатасының жарналары

Заң консультанттары палатасында жыл сайынғы мүшелік жарналар белгіленеді.

Жыл сайынғы мүшелік жарналардың мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он бес еселенген мөлшерінен кем болмауға және жетпіс бес еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Жүктілігі және босануы бойынша не бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңде заң консультанттары және еңбекке уақытша қабілетсіздігі салдарынан қатарынан екі айдан астам кәсіптік қызметті жүзеге асырмаған заң консультанттары мүшелік жарна төлеуден босатылады.

Кәсіптік қызметін ауылдық елді мекендерде жүзеге асыратын не бір жылдан аз кәсіптік қызмет өтілі бар заң консультанттары мүшелік жарналарды белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде төлейді.

Кіру жарналарына тыйым салынады.

Ескерту. 88-бап жаңа редакцияда – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

89-бап. Заң консультанттары палатасының ақпаратқа қол жеткізуді және оны құқыққа сыйымсыз пайдаланудан қорғауды қамтамасыз етуі

1. Заң консультанттары палатасы мынадай:

- 1) өз мүшелерінің құрамы туралы;
- 2) палата мүшелерінің жауапкершілігін қамтамасыз ету шарттары, тәсілдері мен тәртібі туралы;
- 3) заң консультанттары палатасына өз мүшелігін тоқтатқан мүшелер және олардың мүшелігін тоқтату негіздері туралы;
- 4) заң консультанттары палатасына мүшелік шарттары туралы;
- 5) заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының мазмұны туралы;
- 6) заң көмегі сапасының өлшемшарттары туралы;
- 7) заң консультанттары палатасы басқару органдарының және мамандандырылған органдарының құрылымы мен құзыреті, заң консультанттары палатасының алқалы

басқару органының, атқарушы басқару органының сандық және дербес құрамы, заң консультанттары палатасының жеке-дара атқарушы басқару органының функцияларын жүзеге асыратын тұлға туралы;

8) заң консультанттары палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы және алқалы басқару органы қабылдаған шешімдер туралы;

9) заң консультанттары палатасының мүшелерін Қазақстан Республикасы адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, қағидалар мен стандарттардың, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту жағдайлары туралы;

10) соттарға заң консультанттары палатасы берген, сондай-ақ палатаға қатысты берілген кез келген талап қоюлар және арыздар туралы;

11) қаржылық-шаруашылық қызмет туралы, әрбір өзіндік ерекшелік бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпарат қамтылатын есеп жөнінде ақпаратты;

12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) заң консультанттары палатасының ішкі құжаттарында көзделген өзге де ақпаратты өзінің интернет-ресурсында орналастыру және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

2. Палата жұмыскерлердің құқыққа сыйымсыз пайдалануы заң консультанттары палатасының мүшелеріне моральдық зиян және (немесе) мүліктік нұқсан келтіруі немесе осындай зиян және (немесе) нұқсан келтіруге алғышарттар жасауы мүмкін ақпаратты алу, пайдалану, өңдеу, сақтау және қорғау тәсілдерін көздеуге тиіс.

3. Заң консультанттары палатасы өз жұмыскерлерінің қызметтік жағдайына орай өздеріне мәлім болған ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалануына байланысты әрекеттері үшін өз мүшелерінің алдында жауапты болады.

4. Заң консультанттары палатасы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі міндеттердің орындалмағаны және (немесе) тиісінше орындалмағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

90-бап. Заң консультанттары палаталарының тізілімі

1. Уәкілетті орган заң консультанттары палаталарының тізілімін электрондық форматта жүргізеді.

2. Заң консультанттары палаталарының тізілімінде қамтылған мәліметтер ашық болып табылады және уәкілетті органның интернет-ресурсында жаңартылған күйде орналастырылады.

Осы Заңның 78-бабының талаптарына сәйкес келетін коммерциялық емес ұйым туралы мәліметтер "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес хабарлама негізінде заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізіледі.

Хабарламаны алғаннан кейін уәкілетті орган заң консультанттары палатасының осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауын өзі дербес тексереді.

91-бап. Заң консультанттары палаталарының тізілімінен шығару

Заң консультанттары палаталарының тізілімінен шығаруға:

- 1) заң консультанттары палатасының заң консультанттары палаталарының тізілімінен шығару туралы өтініші;
- 2) коммерциялық емес ұйымды тарату немесе қайта ұйымдастыру;
- 3) заң консультанттары палаталарының тізілімінен шығару туралы заңды күшіне енген сот шешімі негіз болып табылады.

92-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімі

1. Заң консультанттары палатасы заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімін электрондық форматта жүргізеді және оны өзінің интернет-ресурсында жаңартылған күйде орналастырады.

2. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімі заң консультанттары палаталары тізілімінің осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және заң консультанттары палатасына мүшелік, оны тоқтата тұру және тоқтату туралы мәліметтер қамтылатын құрамдасы болып табылады.

3. Адам осы бапта көзделген өзі туралы мәліметтер заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізіліміне енгізілген күннен бастап заң консультанттары палатасы мүшесінің барлық құқықтарына ие болады.

4. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінде мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) заң консультанттары палатасы мүшесінің тіркеу нөмірі, оны тізілімде тіркеу күні;
- 2) заң консультанттары палатасы мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), туған күні, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, тұрғылықты жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (жеке тұлға үшін), байланыс телефондарының нөмірлері;
- 3) заң консультанттары палатасы мүшесінің мүліктік жауаптылығын қамтамасыз ету туралы мәліметтер;
- 4) палата мүшесіне заң консультанттары палатасы жүргізген тексерулердің нәтижелері және оған тәртіптік және өзге де жазалар қолдану фактілері туралы мәліметтер;
- 5) уәкілетті орган, заң консультанттары палатасы көздеген өзге де мәліметтер.

5. Заң консультанттары палатасына өз мүшелігін тоқтатқан адамдарға қатысты заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінде осы баптың 4-тармағында көрсетілген ақпаратпен қатар, заң консультанттары палатасына мүшелікті тоқтату күні және мұндай тоқтатудың негіздері туралы, интернет-ресурста орналастырылуға жататын ақпарат қамтылуға тиіс.

6. Тұрғылықты жері туралы мәліметтерді, жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін және егер қолжетімділігі Қазақстан Республикасының заңдарында шектелсе, өзге де мәліметтерді қоспағанда, осы баптың 4-тармағында көрсетілген мәліметтер заң консультанттары палатасының интернет-ресурсында ашып көрсетілуге жатады.

7. Заң консультанттары палатасы осы Заңда және "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға сәйкес, өзі туралы мәліметтер палаталар тізіліміне енгізілген күннен бастап заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімін жүргізеді.

8. Заң консультанттары палатасының мүшесі заң консультанттары палатасын заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінде қамтылған ақпараттың өзгеруіне алып келетін кез келген оқиғалар басталған күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, осындай оқиғалардың басталғаны туралы жазбаша нысанда немесе электрондық құжат жіберу арқылы хабардар етуге міндетті.

9. Тұрғылықты жері туралы мәліметтерді, жеке басты куәландыратын құжат деректерін және егер қолжетімділігі Қазақстан Республикасының заңдарында шектелсе, өзге де мәліметтерді қоспағанда, заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізілімінде қамтылған ақпарат заң консультанттары палатасы айқындаған тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың сұрау салуы бойынша ұсынылады. Мұндай ақпаратты ұсыну мерзімі тиісті сұрау салу келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен аса алмайды.

93-бап. Заң консультанттары палатасының өз мүшелерінің қызметін бақылауы

Заң консультанттары палатасының заң консультанттарының қызметіне олардың заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының талаптарын, палатаға мүшелік шарттарын сақтауы бөлігінде бақылауды жүзеге асыру тәртібі "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

94-бап. Заң консультанттары палатасы мүшелерінің жауапкершілігі

Заң консультанттары палатасының мүшесі Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, палата жарғысының, қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін осы Заңға, Қазақстан Республикасының заңдарына, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарына сәйкес жауапты болады.

Заң консультанттары палатасының мүшелеріне жазалар қолдану, оларды алып тастау және шағым жасау тәртібі палатаның жарғысында және қағидаларында айқындалады.

95-бап. Заң консультанттары палатасының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), оның басқару органдарының шешімдеріне шағым жасау

Заң консультанттары палатасының мүшесі өз құқықтары мен заңды мүдделерін заң консультанттары палатасының әрекеттері (әрекетсіздігі), оның басқару органдарының шешімдері бұзған жағдайда, мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке), шешімдерге уәкілетті

органда немесе сотта дау айтуға, сондай-ақ өзіне келтірілген зиянды заң консультанттары палатасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеуін талап етуге құқылы.

Осы Заңда көзделген жағдайларда, заң консультанттары палатасының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), оның басқару органының шешімдеріне, дауды міндетті түрде сотқа дейінгі реттеу тәртібі сақтала отырып, сотта дау айтылуы мүмкін.

96-бап. Заң консультанттары палаталарының жауапкершілігі

1. Заң консультанттары палатасы Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жауапты болады.

2. Заң консультанттарының палаталары, заң консультанттары палаталарының мүшелері, клиенттер уәкілетті органға Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасын, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарын, Кәсіптік әдеп кодексін бұзушылықтар туралы жүгінуге құқылы.

3. Шағым түскен кезде, егер шағымды заң консультанттары палатасы бұрын қарамаған жағдайда, уәкілетті орган оны тиісті палатаға жібереді.

4. Егер шағым палатаның қарау нысанасы болған жағдайда, уәкілетті орган жолданымды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарайды.

Шағымды қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган заң консультанттары палатасына нұсқама, ескерту түрінде ықпал ету шараларын қолдануға, сондай-ақ осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге шаралар қабылдауға құқылы.

Егер заң консультанттары палатасы уәкілетті органның нұсқамасы, ескертуі бойынша шараларды қабылдамаған немесе уақтылы қабылдамаған жағдайда, уәкілетті орган заң консультанттары палатасына заң консультанттары палаталарының тізілімінен шығару түрінде ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселеге бастама жасайды.

5. Заң консультанттары палатасының әрекеттерінде (әрекетсіздігінде), оның басқару органдарының шешімдерінде бұзушылықтар болған жағдайда, заң консультанттары палатасына қатысты, сот тәртібімен, заң консультанттары палаталарының тізілімінен шығару түрінде ықпал ету шарасы қолданылуы мүмкін.

97-бап. Заң консультанттарының палаталарын мемлекеттік бақылау

1. Уәкілетті орган заң консультанттары палаталарының Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң консультанттары палатасының қағидалары мен стандарттарының, Кәсіптік әдеп кодексінің талаптарын орындауына заң көмегін көрсету саласындағы бақылауды жүзеге асырады.

2. Заң консультанттары палаталарының қызметіне заң көмегін көрсету саласындағы бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс

тексерулер және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

98-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң:

1) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 16-баптың 3) тармақшасын, 19-бапты, 28-баптың 3-тармағының бірінші бөлігін, 33-баптың 3-тармағының 11) тармақшасын, 50-баптың 5-тармағының 7) тармақшасын, 67-баптың 2-тармағының 18) тармақшасын, 68-баптың 3-тармағы 14) тармақшасының оныншы абзацын;

2) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 46-бап 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай:

"46-бап. Адвокаттың өкілеттіктерін куәландыру

1. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттіктері заң консультациясы немесе адвокаттық кеңсе беретін, ал ол өз қызметін заңды тұлғаны тіркеместен, жеке-дара жүзеге асырған кезде – адвокаттар алқасының төралқасы беретін ордермен куәландырылады. Ордердің нысанын уәкілетті орган бекітеді. Ордерлер беруді бақылау мен есепке алуды адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

2. Адвокат куәлігінің нысаны мен оны толтыру тәртібін Республикалық адвокаттар алқасы әзірлейді және бекітеді.

Адвокат мәртебесі тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған адам тиісті шешім қабылданғаннан кейін өзінің куәлігін адвокаттар алқасына тапсыруға міндетті.

3. Өз қызметін Қазақстан Республикасы ратификациялаған тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттіктері жеке басын, адвокат мәртебесін және оның заң көмегін көрсетуге өкілеттіктерін куәландыратын құжаттармен расталады.

4. Адвокаттың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ егер бұл қабылданған тапсырманы орындауға қажет болса және тиісті мемлекеттердің заңнамасы мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмесе, оның шегінен тыс жерлерде адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бапты;

3) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 33-баптың 7-тармағының 4) және 7) тармақшаларын, 36-бапты, 76-баптың 4-тармағының 8) және 14) тармақшаларын, 77-бапты;

4) 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 83-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің бірінші сөйлемі 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін мынадай:

"Өзіне қатысты осы бапта белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы шешім қабылданған адам заң консультанттары палатасына мүшелікке қабылданған болып есептеледі және осындай адам туралы мәліметтер үш жұмыс күні ішінде заң консультанттары палатасы мүшелерінің тізіліміне енгізіледі." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы сөйлемді қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін заң көмегін көрсететін жеке және заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде өз қызметін осы Заңның талаптарына сәйкес келтіреді.

3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін өз қызметін жүзеге асырып келген адвокаттар алқасы, Республикалық адвокаттар алқасы осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде өз қызметін адвокаттар алқаларының, Республикалық адвокаттар алқасының төрағаларын сайлау, олардың басқару органдарын қалыптастыру тәртібін қоса алғанда, осы Заңның талаптарына сәйкес келтіруге тиіс және әділет органдарында қайта тіркелуге жатады.

4. Мыналардың:

1) "Адвокаттық қызмет туралы" 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 16, 79-құжат; № 20-VII, 115-құжат; № 23-II, 170-құжат; 2016 ж., № 7-II, 55-құжат);

2) "Мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы" 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 14, 73-құжат; 2014 ж., № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 10, 50-құжат; № 20-IV, 113-құжат; № 22-I, 141-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н. НАЗАРБАЕВ